2023-2024 оқу жылы – 30 мұғалім

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі:

Оқу жылы	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	Мұғалімдер саны	Жоғары біліммен	Арнаулы орта біліммен	Мұғалімдер саны	Жоғары біліммен	Арнаулы орта біліммен
2021-2022	7	7	-	23	23	0
2022-2023	7	7	-	23	23	0
2023-2024	7	7	-	23	23	0

2023-2024 оқу жылында педагог қызметкерлерінің білім деңгейі жоғары білімді мұғалімдер тұрақты деңгейді көрсетеді, жоғары білімді мамандар арнаулы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі-100%, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің өз бейіні бойынша үлесі -100% құрайды.

Педагогтардың жас құрамы:

Оқу жылы	Қызметкерлер жасы				
	20 – 30 жас	31 – 40 жас	41 – 50 жас	51 – 60 жас	61-ден асқан
2021-2022	33,3 %	43,3 %	23,3 %	0 %	0 %
2022-2023	16,7 %	56,7 %	23,3 %	3 %	0%
2023-2024	3 %	70 %	23,3 %	3 %	0%

Педагог кадрлардың жасы және еңбек өтілі бойынша құрамы:

Оқу жылы	Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі			
	3 жылға дейін	3 жылдан 15 жылға дейін	16 жылдан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
2021-2022	10 %	70 %	16,7 %	3%
2022-2023	3 %	76,7%	16,7%	3%
2023-2024	0 %	76,7%	20 %	3%

Педагог қызметкерлердің педагогикалық құрамының еңбек өтілінің 15 жылдан жоғарысы 23 пайызды құрайды. Мұғалімдердің еңбек өтілі бойынша 10 жылдан астам мұғалімдердің еңбек өтілінің көрсеткіші 76,7 пайыз.

Мектепте жалпы педагог саны - 30, педагог-шебер мұғалім – жоқ, педагог-зерттеуші мұғалім – 2 (6,6%), педагог-сарапшы мұғалім - 8 (26,7%), педагог- модератор мұғалім -14 (46,7%), педагог -6(20%),

Педагог қызметкерлерді аттестаттау – педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Педагогтарды аттестаттаудың міндеті - педагогтың кәсіби деңгейіне сәйкес біліктілік санатын беру.

2021-2022 оқу жылында педагогикалық біліктілікпен шеберлікті көтеру, мұғалімдерді аттестациядан өткізу мақсатында бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмыс жасады. Осы оқу жылында аттестаттаудан өтудің перспективті жоспарына сәйкес 2 мұғалім жоспарлы түрде біліктілік деңгейін арттырды, «педагог- зерттеуші» санатына – 0, «педагог-сарапшы» санатына – 2, «педагог- модератор» санатына – 0 мұғалім, өтті. «Үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» санатына-2 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,

2022-2023 оқу жылында педагогикалық біліктілік пен шеберлікті көтеру, мұғалімдерді аттестациядан өткізу мақсатында бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмысын жалғастыра отырып осы оқу жылында аттесттаудан өтудің перспективті жоспарына сәйкес 8 мұғалім жоспарлы түрде біліктілік деңгейін арттырды,

2023-2024 оқу жылында перспективті жоспарға сәйкес қаңтар-маусым айларында «педагог-зерттеушіге» – 3 мұғалім, «педагог – сарапшыға» –11 мұғалім, «педагог- модераторға» – 4 мұғалім, жалпы – 17 мұғалім өтуге тиіс.

2021-2022 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамы.

«Педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» үлесі – 10 (33,3%).

Мектепте жалпы – 30 педагог жұмыс жасады.

Педагог-шебер мұғалім –0

педагог-зерттеуші мұғалім 2

педагог-сарапшы мұғалім – 8

педагог- модератор мұғалім – 7

педагог– 10

2022-2023 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамы.**«Педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» үлесі – 12 (41,3%).**

Мектепте жалпы - 30 педагог жұмыс жасады.

Педагог-шебер мұғалім –0

педагог-зерттеуші мұғалім-2

педагог-сарапшы мұғалім – 10

педагог- модератор мұғалім – 8

педагог– 10

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамы.**Мектепте жалпы педагог саны - 30****Педагог-зерттеуші, педагог - сарапшы үлесі – 10 (33,3%).**

Педагог-шебер -0– 0%,

Педагог- зерттеуші мұғалім –2 (6,6%),

Педагог-сарапшы мұғалім –8 (26,7 %),

Педагог- модератор мұғалім 14 (46,7%)

Педагог – 6(20 %).

Бағыты	Барлық педагог саны	ПШО өткен мұғалімдер	«Өрлеуден» өткен мұғалімдер	Басқа мекемеден өткен мұғалімдер	Пайыздық көрсеткіші
Деңгейлік курс	4	2	2		100%
Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша	10		10		100%
Жаңартылған білім беру мазмұны (мектеп директорларына арналған 6 айлық курс)	1	1			100%
Жаңартылған білім беру мазмұны (мектеп директорларының орынбасарларына арналған 10күндік курс)	1	1			100%
Педагогтердің пәндік, цифрлық құзыреттілігін дамыту	20	4	16	1	100%

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарынан өтуіне талдау. Мектепте мұғалімдер кәсіптілігінің қалыптасуына, шығармашылық деңгейлерінің өсуіне, білімдерін жетілдіруіне, жаңашылдыққа ұмтылуына ықпал етуі бағытында үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отырды. Курстар жүйесі арқылы біліктілікті арттыру мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру бірлестік жетекшілерімен мектеп әкімшілігі жұмысының маңызды бағыты болып табылады. Осыған орай мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің білімдерін жетілдіріп және санат дәрежелері деңгейлерін көтеріп отыруларына көп көңіл бөлінді.

Оның дәлелі: Мұғалімдер біліктілік арттыру курсынан мектептің перспективалық жоспарына сәйкес уақытылы өткен. Біліктілік арттыру курсы пәндер бойынша – 100% (білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 2-қосымшаның "uzdik" бағасына сәйкес келеді).

Мектеп басшысының және орынбасарларының аттестаттаудан өткендігі туралы мәлімет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшы орынбасарларының аттестатталуы бойынша комиссия шешімдері қосымшаларға сәйкес бекітілген. Түркістан облысы білім басқармасы және Келес ауданының білім бөлімінің аттестаттау комиссияның шешімдерімен беріліп, білім беру ұйымының басшысы және басшы орынбасарлары өтініш берілген біліктілік санаттарына аттестатталды.

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Атқаратын лауазымы	Лауазымдық еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік санаты
1	Есенбеков Бекәділ Аскарбекұлы	Мектеп директоры	12 жыл	«Педагог-зерттеуші»	
2	Бертаев Шоқан Лесбекович	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	18 жыл	«Педагог-сарапшы»	Үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары 11.06.2021.

Мектеп әкімшілігінің оның ішінде басшы мен орынбасарларының үш жылда бір реттен сиретпей курстан өткен үлесі – 100%.

3.Білім алушылар контингенті

2021-2022 оқу жылында 1-11-ші сынып оқушыларын оқытуды жүзеге асырады. Оқу жылының басында 11сынып комплектісі, оның ішінде 133 оқушы құрады.

МАД - 1 топ 15 оқушы, 1-4 сынып аралығында 4 сынып 43 оқушы, 5-9 сынып аралығында 5 сынып 67 оқушы, 10-11 сынып аралығында 2 сынып 23 оқушы.

2022-2023 оқу жылында 1-11-ші сынып оқушыларын оқытуды 136 құрады.

МАД – 1 топ 15 оқушы, 1-4 сынып аралығында 4 сынып 44 оқушы, 5-9 сынып аралығында 5 сынып 74 оқушы, 10-11 сынып аралығында 2 сынып 18 оқушы.

2023-2024 оқу жылында 1-11-ші сынып оқушыларын оқытуды жүзеге асырады. Оқу жылының басында 11 сынып комплектісі, жалпы 142 оқушы

кұрады.

МАД – 1 топ, 15 оқушы 1-4 сынып аралығында 4 сынып, 50 оқушы, 5-9 сынып аралығында 5 сынып, 73 оқушы, 10-11сынып аралығында 2 сынып, 19 оқушы.

Сынып	2021-2022оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны	Сынып саны	Оқушы саны
МАД	1	15	1	15	1	15
1-4 сыныптар	4	43	4	44	4	50
5-9 сыныптар	5	67	5	74	5	73
10-11 сыныптар	2	23	2	18	2	19
1-11	11	133	11	136	11	142
0-11	12	148	12	151	63	157

2021-2022 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 11

Сыныптардың орташа толымдығы:

1–4 сыныптар – 10,75 оқушыдан

5–9 сыныптар – 13,4 оқушыдан

10-11сыныптар – 11,5 оқушыдан

2022-2023 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 11.

Сыныптардың орташа толымдығы:

1–4 сыныптар– 11 оқушыдан

5–9 сыныптар– 14,8 оқушыдан

10-11сыныптар– 9 оқушыдан

2023-2024 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 11

Сыныптардың орташа толымдығы:

1–4сыныптар – 12,5 оқушыдан

5–9сыныптар 14,6 оқушыдан

10-11сыныптар – 9,5 оқушыдан

Білім алушылар контингентінің қозғалысы

Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының 1-ші, 10-шы сыныптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады. Мектептен келген - кеткен оқушылардың анықтамалары толық жинақталған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар контингенті:

Сыныптар	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1-4сыныптар	1 үйде	1 үйде оқыту	1 үйде оқыту
5 –9сыныптар		1 үйде оқыту	
10-11сыныптар			
Барлығы	1 үйде оқыту	2 үйде оқыту	1 үйде оқыту

Сабақ режимі білім алушылардың оқу жүктемесі 2023 жылдың 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіліп, мектеп мына режиммен жұмыс істеп келеді: ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес оқу сабақтарының ауысымын ескере отырып, мектеп әкімшілігі қызметкерлердің жұмыс уақыты режимі мен оқушылардың сабақ режимін белгіленді.

Сабақ режимі бір ауысымдық. Бұйрыққа сәйкес оқу кабинеттері мен ауысымдар бойынша сыныптар бөлінді.

I ауысымда – 11 сынып, 1-11 сыныптар оқушылары үшін 5 күндік оқу аптасы;

Сабақтың ұзақтығы 45 минут.

I ауысым– оқу сабақтары 8:30-де,

Апталық сабақ режимін мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады. Мектепалды сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 33 аптаны, 1 сыныптарда–33 апта, 2-11 сыныптарда – 34 аптаны құрады.

1.Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы:

2021-2022оқу жылы: 1-сыныптарда 22,5 сағат, 2-сыныптарда 24 сағат, 3-сыныптарда 27 сағат, 4-сыныптарда 27 сағат, 5-сыныптарда 31 сағат, 6-сыныптарда 31 сағат, 7-сыныптарда 34 сағат, 8-сыныптарда 35 сағат, 9-сыныптарда 36 сағат, 10-11-сыныптарда 35 сағаттан.

2022-2023оқу жылында:1-сыныбында 19,5 сағат,2-сыныптарда 24 сағат, 3-сыныптарда 26 сағат, 4-сыныптарда 26 сағат, 5-сыныптарда 28,5 сағат, 6-сыныптарда 28,5 7-сыныпта 31,5 сағат, 8-сыныптарда 32,5 сағат, 9-сыныптарда 34 сағат, қоғамдық-гуманитар бағыттағы 10 сыныпта 34 сағат, жаратылыс-математика бағыттағы 11 сыныптарында–35 сағат.

2023-2024 оқу жылында: 1-сыныптарда 19,5 сағат, 2-сыныптарда 24 сағат, 3-сыныптарда 26 сағат, 4-сыныптарда 26 сағат, 5-сыныптарда 28,5 сағат, 6-сыныптарда 28,5 сағат,7-сыныптарда 31,5 сағат, 8-сыныптарда 32,5 сағат, 9-сыныптарда 34 сағат, қоғамдық-гуманитар бағыттағы 10 сыныпта 34 сағат, қоғамдық-гуманитар бағыттағы 11 сыныпта 34 сағат.

2.Инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы 1-қосымшасы, 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы 6-қосымшасына сәйкестендіріліп бекітілді. 10 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы 31-қосымшасы, 11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығы 22-қосымшасы,

2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/жиынтық сыныптар	Ең көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариантты оқу жүктемесі
1 сыныптар	22,5	22,5	
2 сыныптар	25	24	1

3 сыныптар	27	26	1
4 сыныптар	27	26	1
5 сыныптар	31	29	2
6 сыныптар	31	29	2
7 сыныптар	34	32	2
8 сыныптар	34	33	1
9 сыныптар	36	34	2
10 сыныптар	37	33	4
11 сыныптар	35	27	8

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі 1-қосымшасы, 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 6-қосымшасы бекітілді. 10-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 39-қосымшаларына сәйкестендіріліп бекітілді.

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық сыныптар	Ең көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариантты оқу жүктемесі
1 сынып	19,5	18,5	1
2 сынып	34	23	1
3 сынып	26	25	1
4 сынып	26	25	1
5 сынып	28,5	28	0,5
6 сынып	28,5	28	0,5
7 сынып	31,5	31	0,5
8 сынып	32,5	32	0,5
9 сынып	34	33	1
10 сынып	34	31	3
11 сынып	35	32	3

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы 1-қосымшасы, 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 6 қосымша, 10-11 сыныптарда апталық сағат жүктемелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 39 қосымшаларына сәйкестендіріліп бекітілді.

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптардағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық сыныптар	Ең көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі
1 сынып	19,5	18,5	1
2 сынып	34	23	1
3 сынып	26	25	1
4 сынып	26	25	1
5 сынып	28,5	28	0,5
6 сынып	28,5	28	0,5
7 сынып	31,5	31	0,5
8 сынып	32,5	32	0,5
9 сынып	34	33	1
10 сынып	34	31	3
11 сынып	34	31	3

II. Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары.

1) Оқу-әдістемелік жұмыс.

- білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – **ҮОЖ**) сәйкестігі: **(өткен 2 оқу жылын қоса алғанда)**

Мектеп бағаланатын кезеңге (2 оқу жылы) және Мамыр айына дейінгі өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына, Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік

оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына жыл сайынғы енгізілген өзгертулерге сәйкес жасалған мектептің жылдық оқу жоспарларына қысқаша талдау.

2021-2022 оқу жылында жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 бабы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына және оған өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08 қараша 2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы негізінде 1-11 сыныптар арасында түзілді. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулармен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 4,9-қосымшасын және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына және мектептің 31 тамыз 2021 жылғы №1 педагогикалық кеңес хаттамасы негізінде жасалған. Жұмыстық оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес «Kundelik.kz», сабақ кестелері сәйкестендіріліп отырды.

2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 5 бабы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына және оған өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08 қараша 2012 жылғы 500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6-қосымшасы негізінде 5- 9 сыныптарға түзілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы негізінде 1 қосымшасы 1-4 сыныптарға, 39-қосымшасы 10-11 сыныптар арасында түзілді.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 13 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер енгізілген бұйрықтармен және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу

процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына және мектептің 31 тамыз 2022 жылғы №1 педагогикалық кеңес хаттамасы негізінде жасалған. Сабақ кестесі санитарлық ережелерге сәйкес және жұмыстық оқу жоспарына сай құрастырылды.

Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мектеп директоры бекіткен ережелермен айқындалып отыр.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына» сәйкес сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және мектептің кәсіподақ кеңесімен келісіледі. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны және ұзақтығы көрсетілген.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 5 бабы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына және оған өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08 қараша 2012 жылғы 500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспары түзілді, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6-қосымшасы негізінде 5-9 сыныптарға түзілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы негізінде 39 қосымшасына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары бойынша түзілді.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 13 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер енгізілген бұйрықтармен және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына және мектептің 31 тамыз 2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес хаттамасы негізінде жасалған. Сабақ кестесі санитарлық ережелерге сәйкес және жұмыстық оқу жоспарына сай құрастырылды.

Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мектеп директоры бекіткен ережелермен айқындалып отыр.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына» сәйкес сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және мектептің кәсіподақ кеңесімен келісіледі. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны және ұзақтығы көрсетілген.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

Бағаланатын кезеңдердегі оқу жылдарына сәйкес мектептің оқу процесінде қолданылған бағдарламалардың «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығының (жылдарына сәйкес енгізілген өзгерістерін көрсете отырып) тиісті қосымшаларын көрсетіп қысқаша талдау жасалды.

2021-2022 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына: толықтырулар енгізген 08.04.2016 жылғы №266, 10.05.2018 жылғы №199, 17.10.2018 жылғы №576, 27.11.2020 жылғы №496, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрықтарын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына: «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы басшылыққа алынып жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына: «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16

қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 05 шілдедегі № 199 бұйрығын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2021-2022 оқу жылында «Kundelik.kz», 2022-2023 оқу жылының 1-тоқсанында «Kundelik.kz», 2,3,4-тоқсанында «Bilimland» платформаларына мектептің жұмыс оқу жоспары үлгілік оқу жоспарына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар электронды түрде оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын пәндер бойынша толтырылды. Мектептің басшылық пен бақылау жоспарына сәйкес тоқсан сайын электронды журналдың жүргізілу барысы тексеріліп, кемшілік жіберілген мұғалімдерге ескертіліп отырды.

2021-2022 оқу жылында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және жұмыс оқу жоспарына сәйкес Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 сыныптардың максималды оқу жүктемесі аптасына 37 сағат, оның 33 сағаты инвариантты компонент, 4 сағат вариативтік компонентті құрайды. 11 сыныптардың максималды оқу жүктемесі аптасына 35 сағат, оның 27 сағаты инвариантты компонент, 8 сағат вариативтік компонентті құрайды.

2022-2023 оқу жылында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және жұмыс оқу жоспарына сәйкес Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10 сыныптардың максималды оқу жүктемесі аптасына 34 сағат, оның 31 сағаты инвариантты компонент, 3 сағат вариативтік компонентті құрайды. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11 сыныптардың максималды оқу жүктемесі аптасына 35 сағат, оның 32 сағаты инвариантты компонент, 3 сағат вариативтік компонентті құрайды.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және жұмыс оқу жоспарына сәйкес Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10, 11 сыныптардың максималды оқу жүктемесі аптасына 34 сағат, оның 31 сағаты инвариантты компонент, 3 сағат вариативтік компонентті құрайды.

4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)

№48 «Саңырау» шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінің тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасына сәйкес

оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Жас жеткіншектердің бойында жалпы азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлт дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиелей отырып, көшбасшылыққа баулу».

Тәрбие жұмысының мақсаты:

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының шеңберінде балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мазмұнын жаңартудың әлеуметтік маңызын өзектендіру: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық даму, сананың ашықтығы аясында; 1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі индикаторлары шеңберінде білім беру мен тәрбиелеуді дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, ізгілендіру, компьютерлендіру, сандық жүйеге көшу, смарт және стем білім беру), тәрбие беру саласындағы педагогикалық ғылымның жаңашыл жетістіктерін, тәрбие берудің шетелдік және отандық қазіргі кездегі тұжырымдамаларының негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасының орта білім берудің жаңартылған мазмұнын, тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, алдыңғы қатарлы тәжірибесін есепке ала отырып тәрбиенің жаңартылған мазмұнының мақсаты мен міндеттерін анықтау;

1) білім беру ұйымдарында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін тиімді енгізудің шарттарын ашып көрсету;

2) заманауи басым жалпыадамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тұтас тәрбие процесінде білім алушылар тұлғасының және олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, балалардың азаматтық қоғамы, қоғамдық ұйымдарының бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз ету;

3) балалар мен жастарды тәрбиелеу мазмұнында заманауи реалиялармен, сондай-ақ іс-қимыл компонентін, шынайы әлеуметтік маңызды нәтижелерге негізделген балалар мен жастардың әлеуметтік бастамаларын кіріктіру жүйесін күшейту.

4) Сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы сапасының деңгейін көтеруде сынып жетекшісінің жауапкершілігін арттыру.

5) Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне оқушылардың ата-аналарын тарту шараларын ұйымдастыру.

6) Оқушылардың танымдылық әрекеттерін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру. Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;

1. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этно-мәдениетке құрметі;
2. Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
3. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
4. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
5. Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарымқатынасын қалыптастыруды;
6. Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
7. Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
8. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған. Іске асыру тетіктері: Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесіде құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық және отбасы туралы) Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169- VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1

қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

11. Білім алушыларды тәрбиелеуде құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыру бағдарламасы. Бағдарлама. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021.

12. Оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатқа байланысты тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері.

№48 «Саңырау» шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мен жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының негізгі бағыттар аясында жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15»сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басым бағыттары:

Бірінші бағыт – Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Екінші бағыт – Рухани-танымдық тәрбие.

Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету. **Төртінші бағыт** – Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.

Алтыншы бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.

Жетінші бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының көрсетілген мерейтойлық күнтізбелік бойынша аталып өтілетін мерейтойлық даталар мен мерейтойлар ескеріліп жоспарларға енді.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2021-2022 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл; Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына – 180 жыл; Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл; Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл;

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы.

Бағдарламаның шешуші идеясы – оқу тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпы адамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда :

1. «Оқуға құштар мектеп»;
2. «Отбасы – орта мектеп»;
3. «Құқықтық сана – қауымға пана»;
4. «Дәстүр мен ғұрып»;
5. «Еңбек – елдің мұраты»;
6. «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
7. «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
8. «Дебат» қозғалысы;
9. Оқушылардың «Өзін-өзі басқару- "Мектеп Парламенті" мен "Жас Ұлан"» ұйымдары;
10. «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;

Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік, атаулы даталар жылдық жоспарда көрсетілген: Білім күні; Денсаулық күні; Тілдер мерекесі; Қарттар күні; Ұстаздар мерекесі; 1- желтоқсан Дүниежүзілік ЖҚТБ/АИТВ-ге қарсы күрес күні 1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні; 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні; 1 наурыз-Алғыс айту күні 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні; 22 наурыз-Наурыз мерекесі; 7 мамыр-ҚР Қарулы күштер күні; 9 мамырЖеңіс күні; 25 мамыр-Соңғы қоңырау .

Тәрбие жұмысының 8 тәрбие бағыты бойынша : 2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы оқу жылдары төменгі жұмыс түрлері арқылы іске асырылды: Сынып сағаттар; Кездесулер Дөңгелек үстелдер; Акциялар; Байқаулар; Форумдар;

Челленджер; Сайыстар; Эссе жазу; Дебат ойындар; т.б.

2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы оқу жылдары тәрбие жұмысына байланысты педагогикалық және директор жанындағы кеңестерде төменгі мәселелер қарастырылды:

1. «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес» құрамы мен ішкі мектеп тәртібінің орындалуы;
2. Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстарының жағдайы;
3. №48 «Саңырау» шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі құқықбұзушылықтардың алдын алу кеңесінің құрамын бекіту туралы;
4. Жалпы құқықтық білім беру;
5. Оқушылардың сабаққа қатысу;
6. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларының жүргізілуі;
7. Оқу – тәрбие үрдісіндегі сынып жетекшінің міндеттері туралы;
8. «1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру және өткізу туралы»;
9. Оқу жылының аяқталуына байланысты «Соңғы қоңырау» мерекесін өткізу туралы; Мектептегі үйірме жұмысы барысы;

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу. Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Патриоттық тәрбие бойынша дәстүрлі іс-шаралар жыл сайын өткізіледі:

Білім күніне орай Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқаулық және Білім және ғылым министрлігінің арнайы хатының негізінде патриоттық тақырыпта жыл сайын салтанатты жиын және тәрбие сағаттар өткізіледі;

2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстар:

Патриоттық тәрбие бойынша дәстүрлі іс-шаралар жыл сайын өткізіледі:

Білім күніне орай Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқаулық және Білім және ғылым министрлігінің арнайы хатының негізінде патриоттық тақырыпта жыл сайын салтанатты жиын және тәрбие сағаттар өткізіледі; Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ожданы мол, еңбекқор, қазіргі заман талабына сәйкес іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатында

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспары жасақталып, бекітілді.

31.08.2021-.03.09.2021 жылы Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында жасалатын қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кешкі уақытта адам көп шоғырланатын орындарға рейдтік жұмыстарға мектеп мұғалімдері мен ата-аналар арасынан ұйымдастырылды. 01 қыркүйек сынып жетекшілермен бірлесіп ата-аналармен байланыс жұмыстарын жүргізе отырып, балалардың өмір қауіпсіздігін қатаң бақылауға алынды және кезекшілікке жауапты мамандар мектеп инспекторларымен бірлесіп жұмыс жүргізілді. 2-3 қыркүйек сынып жетекшілермен бірлесіп ата-аналармен байланыс жұмыстарын жүргізе отырып, балалардың өмір қауіпсіздігін қатаң бақылауға алынды және кезекшілікке жауапты мамандар мектеп инспекторларымен бірлесіп жұмыс жүргіздік. Мектебімізде 2021

2022-2023 оқу жылында жылдық жоспарға сәйкес, тамыз айында «Мектепке жол» акциясы болып өтті Акцияны өткізудегі мақсат – мектептегі ата- анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, аз қамтамасыз етілген отбасыдан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін көмек көрсету, мектепке келуіне жағдай жасау. Акцияны өткізу барысында мектепшілік бұйрық шығарылып, іс-шарасы түзілді. Биылғы оқу жылында жалпыға міндетті білім қорынан бөлінетін қаржыға атаулы әлеуметтік көмек алатын және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған әр балаға ақшалай бөлінді. Қаржылай көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы, ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен жүзеге асырылды. 2022 жыл 17 тамыз күні М. Мақатаев атындағы мектепте ауыл көлемінде «Мектепке жол» акциясы болып өтті.Акцияда 5 оқушымызға ата – ана қауымы және ұстаздар демеушілігімен сумка,кеңсе тауарлары берілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1150097689144642&id=100024332640548&sfnsn=mo

31.10.2022 ж . 10 оқушыға Қайырымдылық концерті «Жақсылық жасауға ұмтыл» атты концертімізде өтті жиналған қаражатқа (отыз бес мың тенгеге) 10 оқушыға азық – түлік корзинасы жасалып отбасына тарту етті.

2022-2023 оқу жылында ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны Демеушілер есебінен ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны оқушы.

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді.

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің

жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

01.09.2023 жыл «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында 1 – 11 сынып оқушыларына салтанатты іс – шара болып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/wLJhZbbqYHpuz78s/?mibextid=oFDknk>

Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы аясында 1 – 11 сынып жетекшілері оқушыларға қауіпсіздік ережелерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру жұмыстарын жүргізді. Мектебіміздің ДТЖО А. Аширбековтің ұйымдастыруымен « Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында апталық ұйымдастырылды. Мектеп инспекторы полиция капитаны Д.Тоғызбаевпен кездесу өткізіп, жолда жүру ережелерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/czJ9WVBHtB1D6GZJ/?mibextid=oFDknk>

Мектеп тәлімгері А. Қожабаева "Жас ұлан және өзін өзі басқару" ұйымының белсенді мүшелері арасында "Нашақорлыққа жол жоқ" атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел сұхбат, әңгімелесу, пікірталас арқылы өтті. Оқушылар темекі, арақ, есірткі ұғымы туралы жалпы ойларын ортаға салды. Темекінің зияны туралы бейнебаян көрсетілді. Бейнебаян бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларға темекі, арақ, есірткі, ЖҚТБ – ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан – жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана – сезімдерін дамыта түсу.

<https://www.facebook.com/share/p/wGbGcFEyhAFxUrv2/?mibextid=oFDknk>

Қазақстан Республикасының рәміздерін таныту, дәріптеу мақсатында әр дүйсенбі күні мемлекеттік гимні орындалады.

Тілдер мерекесіне арналған «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестіктері мен ұйымдастырылған эстафеталық ойындар, викториналар өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02QWvprUKWj2ujzKcUQy7GBYyRi3p9vCZcm91EF2XwGpuR3ggjKiZreeXxZ75WwBl&id=100064419581956&mibextid=Nif5oz

№48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі бойынша "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты апталықтың жоспарына сай 4-сынып оқушылары арасында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылықтуалымағұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық жасамауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Мектеп психологі "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты апталықтың жоспарына сай 7-9-сынып оқушылары арасында "Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз" атты тақырыбында тренинг өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/hNo8rCkHGjmx1msH/?mibextid=oFDknk>

Ата – аналар жиналысы өткізіліп, зорлық-зомбылық түрлерімен таныстыру, мәлімет беру мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында слайдтар арқылы ақпарат берді.

<https://www.facebook.com/share/p/41NCLN6NdqVdPCcB/?mibextid=oFDknk>

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid07rRXzM5r2J2uejNfhNtwRaDNRuZGZPUcYJu7BwTvTMyTcsvmuBTWq1EW23y7nJPv1&id=100064419581956&mibextid=Nif5oz

Құқықтық сауаттылықтарын арттыру, пікіралмасу мақсатында ата-аналармен «Құқықтық тәрбие қалыптастырудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында тренинг өткізілді.

Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн акциясы бойынша «Хабарласыңыз! Көмектесеміз!» айдарында ата-аналар мен оқушыларға «Сенім жәшігі және сенім телефоны» туралы ақпарат берілді.

Кибербуллингтен қорғау және алдын алу мақсатында ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/mJuTsSL6vXUdzQQb/?mibextid=oFDknk>

6 – 7 сыныптар оқушылары арасында бүкіләлемдік интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, зиянды және пайдалы жақтарын айту мақсатында «Қауіпсіз интернет балалар үшін» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Байқау шарты бойынша сыныптар постерге сурет салып, постерде қорғап жүлделі орынға 7 сыныбы ие болды.

Мектеп тәлімгері А. Қожабаева және «Адал ұрпақ» мүшелері мен ұйымдастырған «Адалдық сағаты», «Ар – ұят және жауапкершілік», « Біздің қоғамдағы әділеттілік», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында адалдық сағаттарын өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/gVybfh4ac9ofxyTg/?mibextid=oFDknk>

9 айға – тоғыз іс- шара жобасы бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімдері Ұлттық мектеп лигасы «Асық» ойынын ұйымдастырып, өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/nHG5if3P13MBfR5P/?mibextid=oFDknk>

1 – 11 сынып жетекшілері толық отбасы күніне арналған іс – шара және «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында сынып сағаттары болып өтті, іс – шара барысында әр оқушы өз отбасы туралы суреттер арқылы әңгімеледі.

<https://www.facebook.com/share/p/NaNdoBvGvPw6yGDK/?mibextid=oFDknk>

Мектеп тәлімгері А. Қожабаеваның ұйымдастыруымен 2 - 4 сынып оқушылары арасында «Күз сыйы» тақырыбында сурет салу сайысы, «Күз ғажайыптары» тақырыбында, «Күзгі пейзаж» тақырыбындағы қол өнер сайысы болып өтті.

9-10 сыныптар арасында «Күз аруы-2023» сайысы болып өтті.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Дене сергіту-челленджі» болып өтті.

Төрт тоқсан төрт іс – шара жобасы аясында қазақ тілі пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен ақындар айтысын өткізді. Сайысқа 9-10 сынып оқушылары қатысып, оны қазақ тілі пәні мұғалімдері мен көркем еңбек пәні мұғалімдері ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/L9uWAQLHD8yJYg1v/?mibextid=oFDknk>

«Қамқорлық асыл қасиет» 1 қазан – Қарттар күні қарсаңына «Іс-әрекеттегі мейірімділік», «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында сынып сағаты, 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Ұстазыма мың алғыс!» атты концерттік іс – шара өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/NaNdoBvGvPw6yGDK/?mibextid=oFDknk>

Кітапхана Н. Нартбаева Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл кітап көрмесін, «Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы аясында) Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуы қарсаңында 6 – 7 сынып оқушыларына бейне фильм көрсетіп, талдау жұмыстары, Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толғанына орай танымдық сағат, «Әкеге-ізет, анаға – құрмет» Әке, ана туралы әндер орындау, әке, анаға арналған өлеңдердің мазмұнын талқылау жүргізді. Мектеп оқушылары арасында Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында қазақ тілі пәні мұғалімі Ұ. Мырзақасымова 9 сынып оқушыларымен сахналық көрініс көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/p/vSN3YT2T8LNVUwtK/?mibextid=oFDknk>

Қазақ тілі пәні мұғалімі Ұ. Мырзақасымова 10 сынып оқушыларымен Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына байланысты «Адамдық борышын, Еріншектік пен салақтық» өлеңдерін талдау жұмысы жүргізілді. 1 – 11 сынып оқушылары арасында «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті», Зиянды тамақтар, Тамақтану мәдениетінің ережелері, Дастархан басындағы әдеп тақырыптарында сынып сағаты болып болып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/KGbsg8qdTEtXBNjt/?mibextid=oFDknk>

Мектеп тәлімгері А. Қожабаева және өзін өзі басқару ұйымымен 2 – 11 сынып оқушылары арасында «Қош келдің АЛТЫН КҮЗ!» тақырыбында мектепшілік күзгі

жәрмеңкесі болып өтті. 1 – 11 сынып оқушыларына мектеп инспекторы полиция капитаны Д. Тоғызбаев және мектеп тәлімгері А. Қожабаеваның ұйымдастыруымен Жолда жүру ережелері, Өрт қауіпсіздік ережелері мен таныстыру жұмыстары, «Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер өткізілді.

Республика күні арналған іс – шаралар бойынша мектеп тәлімгері А.Қожабаева және өзін өзі басқару ұйымымен мерекелік концерттік ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/MC5LotBgHE1hUDJA/?mibextid=oFDknk>

«Балбырауын» күйімен Мектебіміздің өнерлі мұғалімдерімен ұйымдастырылған домбырашылар челенджі болып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/mJuTsSL6vXUdzQQb/?mibextid=oFDknk>

Мектеп тәлімгері А. Қожабаеваның ұйымдастыруымен «Жас Ұлан, Жас Қыран» ұйымына өту салтанатты жиыны болып өтті. 3 – 8 сынып жетекшілері 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні, «Көк тудың желбірегені», «Ұлттық рух –тәуелсіздік тірегі» патриоттық тәрбие сағаттары болып өтті.

15 – қараша Ұлттық валютамыз «Теңгенің 30 жылдығына» орай № 48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде ашық тәрбие сағаттары мен 5 сынып оқушылары арасында «Көңілді старт» тақырыбында эстафеталық жарыс болды. <https://www.facebook.com/share/p/sBotAVtRX5yqMuUM/?mibextid=oFDknk>

Мақсаты:Балаларды спорттық ойындарға деген бейімділігін, денсаулықтарын жаңғырту, спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру. Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру. Аптаның дүйсенбі күндеріі мектебімізде лездеме болым өтеді. Мақсаты: оқушылардың формасы, тәртіптері және түрлі жарыстарда жеткен жетістіктерімен марапаттау.

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын

қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр

түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізілді.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізілді.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген. «Сенім арту - жетістік кепілі», «Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?», «Ақыл айтпа, жол көрсет», «Көркем мінез – баға жетпес байлық» тақырыптарында ата – аналар жиналысы өткізілді.

Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы мектебізде ашылды. Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы туралы толық мағұлмат берілді.

Қатысқан ата ана: 40

Сілтемелер:

<https://www.facebook.com/share/p/binyA3WCNB8Pm8XG/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/fP3YsQE2TCs6sWe8/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/deLVwZYZr4LsZfkB/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/zRXJ7ZSKdcJCMQKf/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/UcFc7xrELdxZbta4/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/vHn5xaBkee63rM2Y/?mibextid=oFDknk>

9-11 сынып оқушыларына нашакорлықтың алдын алу мақсатында «Нашашорлық ғасыр дерті» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Қатысқан оқушы саны: 24 оқушы

Сілтеме:

<https://www.facebook.com/share/p/BDQaECgdF1HKdiKt/?mibextid=oFDknk>

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өткізілген іс шаралары:

Мектеп әкімшілігі АПБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізілді. Мақсаты: Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 18 -жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау. Ағымдағы жылдың 26 – 27 қыркүйек, 16 – 25 қазан, 22 желтоқсан күндері облыстық орталығының теологі ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мамандары шақыртылып діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/hNo8rCkHGjmx1msH/?mibextid=oFDknk>

Теолог маманы мектебіміздің оқушылары және мұғалімдерімен «Діни сауаттылық – экстремизммен күресудің басты құралы» тақырыбында кездесу өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/Cv5Z6q7r8GuDDBuU/?mibextid=oFDknk>

“Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс” жалпы ата-аналар жиналысы жиналысы болып өтті. Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту; Ата – аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.

Оқушы қыздар арасында ерте жүктілікті алдын алу бойынша қыздар жиналысы әр

ай сайын өткізіліп отыр. Қыздар ұйымының жетекшісі, медбикелермен бірлесіп түзету, түсіндіру, ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Қатысқандар саны: 5-7 арасында 22 ;

8-11 сынып арасында 16;

Сілтеме:

<https://www.facebook.com/share/p/binyA3WCNB8Pm8XG/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/EQz1XuRPL1nfbdtZ/?mibextid=oFDknk>

Оқушылармен құқықбұзушылықтың алдын алу, ұрлыққа жол бермеу мақсатында ұлдар арасында кеңестер , жиналыстар жұмыстар жүргізіліп, пікір алмасу болды. Өткізген мектеп психологы әлеуметтік ұстаз.

<https://www.facebook.com/share/p/qkdrWJriBPNjkUBo/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/41NCLN6NdqVdPCcB/?mibextid=oFDknk>

Бастауыш сынып оқушыларымен «Абайлаңыз балалар!» тақырыбында жолда жүру ережелерін есте сақтауға, жол ережесін бұзбауға тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағатын өткізді.

Жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті мамандарды даярлап, олардың бойында қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, жоғары, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, үйлесімді дамыған жауапты тұлғаны қалыптастыру және ғылымға деген құштарлықтарын оята білу. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қосымша білім беру жүйесінің негізі: қосымша білім беру арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу, кәсіби бағдар беру.

«Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады» - деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, еліміздің болашағының жарқын болуы білімді жастарға байланысты. Білімді ұрпақты өсіру барысында шәкірттерге тек білімді үйретіп қана қоймай, оларды тәрбиелеп, дұрыс жол сілтеу – біздің парызымыз.

Тәрбие негізін қалайтын, оқушылардың білімін кеңейтіп, өз қабілетін танып білуге үлес қосатын үйірме жұмысы болып табылады. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға, өз қабілетін танып білуге, қосымша жұмыс жасауға үйретіп, дүниетанымын кеңейтеді. Біздің мақсатымыз да осы - оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу, шәкіттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету, тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысында төзімділігін арттыру.

№ 48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде 2021 – 2022 оқу жылында қосымша білім беру, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жеке және топтық жұмыстар жасау арқылы қызығушылығын ояту, салауатты өмір салтын насихаттау, отан сүйгіштікке баулу, өз қабілеттерін шыңдау, оқушылардың білімі мен қабілетін арттыру мақсатында мектепте 11 ақысыз үйірмелер құрылып, жетекшілері бекітіліп, жұмыс жасады.

2021-2022 оқу жылының басталуына байланысты қыркүйек айында мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында түрлі үйірмелер ұйымдастырылды. Үйірмелерге қатысу үшін оқушыларға насихат жұмыстары

жүргізілді. Олардың ата-аналарына үйірмелер туралы мәліметтер таратылды және сұхбаттар жүргізілді. Үйірмелерге қызығушылық танытқан оқушыларды жас ерекшеліктеріне қарай, топтарға бөлінді.

Үйірмелер бағыт бойынша жұмыс жасайды, олар шығармашылық, пәндік, экологиялық, әскери – патриоттық, туристтік, логикалық ойлау қабілетін, қиялын дамыту. Оқушының зейінін, талпынысын, шығармашылығын арттыру. Жалпы мектеп бойынша 124 оқушы ақысыз үйірмелерге қамтылды.

№	Үйірме атауы	Бағыты	Оқушы саны	Үйірме жетекшісі
1.	Шебер қолдар	Шығармашылық	10	Аширбеков А
2.	Ғажайып математика	Пәндік	7	Қосаева Г
3.	Жасыл эколог	Экологиялық	7	Сылам А
4.	Жас сарбаз	Әскери-патриоттық	11	Ермекбай М
5.	Жас саяхатшы	Туристтік	10	Қожабаева А
6.	Ұшқыр ой дебаттық клубы	Логикалық	8	Аширбеков А
7.	Волейбол	Спорттық бағыт	20	Нишанов У
8.	Волейбол	Спорттық бағыт	15	Андабаев Б
9.	Футбол	Спорттық бағыт	20	Андабаев Б
10.	Шахмат	Спорттық бағыт	10	Андабаев Б
11.	Тоғызқұмалақ	Спорттықбағыт	6	Аширбеков Б

Мектеп оқушылары спорттық үйірмелерге ерекше қызығушылықпен қатысады. Волейболдан өтетін аймақтық жарыстарға, баскетбол, футбол, шахмат, қазақтың ұлттық ойыны мектепішілік турнирлар жиі ұйымдастырылып отырды. «Шынықсаң, шымыр боласың» демекші, мектебімізде балалардың шымыр да дені сау, қажырлы да қайратты болып өсуі үшін арнайы жаттығу залы, мектеп алаңында орналасқан спорт алаңы жұмыс жасайды. Волейбол спорттық үйірме жетекшісі дене шынықтыру пәні мұғалімі Нишанов У. бұл үйірмеге 15 ұл, 15 қыз, 8 – 11 сынып оқушылары қатысады.

«23 тамыз – спорт күні», «5 қыркүйек тілдер мерекесі күні», «16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні», «9 мамыр – Жеңіс» күндеріне орай волейболдан мектепішілік турирлер ұйымдастырылып, 8 – 11 сынып оқушылары қатысып, жүлделі орындармен мектеп директорының мақтау қағаздарына ие болды.

Шахмат үйірмесінің жетекшісі дене шынықтыру пәні мұғалімі Б.Андабаев шахмат үйірмесіне 10 оқушы қатысады. Тоқсан сайын 6 – 10 сынып оқушыларымен шаймат ойындарынан жарым ұйымдастырылып отырды.

Шахмат ойыны баланың ойлау, есте сақтау қабілетін, қызығушылығын арттырады, танымдық қасиеттерін жетілдіреді. Шахмат үйірмесінде балалар шахмат ойынының тарихын, әліппесін, тактикасын, психологиясын, этикасын біледі. Шахмат шешімді зерттеуге, әртүрлі жүріс нұсқасын қайта - қайта таңдауға, өз бетімен есеп шығару қабілетін дамытуға, қорытындылауға үйретеді. Шахмат ойыны жеке бастың мінез-құлқының қалыптасуына, ұстамды және ізденімпаз болуына, ойлау қабілетінің артуына ықпал етеді. Өзгенің қателіктерін және өзінің қатесін түсіне білуіне, одан дұрыс қорытынды жасауға, қарсыластысыйлай білуге үйретеді.

Тоғызқумалақ –қазақтың ұлттық ойыны. Ол – бүгінгі күні дүние жүзіне танылған әлемдік мәдениеттің кез келген үлгілерімен бой теңестіре алатын 4 мың жылдық тарихы бар зияткерлік ойын, озық рухани мұра. Қазақ халқының ілкі тектерінен бастап, сақтар, ғұндар, көктүріктерден қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатқан ұрпақтар үндестігінің рухани көрінісі. Сондықтан болса керек, ойынның дүниетанымдық ерекшеліктері, ережелері, нұсқалары зерттеушілерге халықтың рухани тұрмыс-тіршілігін білу үшін құнды этнографиялық қайнар көздердің ретінде танылып келді.

Сонымен қатар осы үйірмесіне мектебіміздің оқушыларыда белсенді қатысуда. Аудандық және облыстық спорттық сайыстарына барып жүлделі орындарға ие болған оқушыларымыз осы спорт түрін өте жақсы меңгеруде.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясындағы «Қоғамдық сананы жаңғырту» және «Туған жер» бағдарламаларын іске асыру мақсатында балалардың танымдық көзқарасын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруда мектебімізде экскурсиялық туризм үйірмесі бойынша жұмыс жүргізілуде. Жұмыс барысында түрлі мәдени және тарихи жерлерге жорықтар ұйымдастырылып, оқушылар мен пән мұғалімдерінің қатысуымен барған нысандарда қызықты сабақтар өткізілуде.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Сондықтан, қосымша білім беруде, «мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде ойға ой қосу арқылы өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы мұраттарымызға жетеміз.

25 қыркүйек күні «Шебер қолдар» үйірме оқушылары «Менің отбасым», «Мен отбасымды мақтан тұтамын», «Мерейлі отбасы» тақырыбында сурет көрмесін жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізді.

1 – қазан қарттар күніне «Өз жүрегіңмен жылыту» тақырыбында мектептің өзін – өзі басқару ұйым мүшелері мен «Жасыл желек» үйірме оқушылары қарттар үйіне барып, үй жұмыстарына, ауласына көмек көрсетті. Экология бағытындағы «Жасыл желек» үйірме тобының жоспарына сәйкес, қыркүйек айында «Жасыл ел» бағдарламасы аясында «Мектеп ауласындағы күзгі жұмыстар» тақырыптарында мектепшілік сайыстар өткізілді. Қазан айының 26 күні «Гүл құпиясы» танымдық сабақ, 23 қараша «Құстар – табиғат жанашыры» тақырыптарында үйірме жетекшісі интеллектуалды ойындар, жарыстар ұйымдастырды. 16 күні «Табиғатты аяла» тақырыбында оқушыларды сенбілік жұмыстарына баулу, 25 ақпан күні «Табиғатқа саяхат» ұйымдастырылды.

«Ұшқыр ой» дебат клубының жоспарына сәйкес оқушылардың шығармашылық қасиеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру, шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау, ынталандыру, оқушылар арасында пікір сайыстың деңгейін көтеру мақсатында «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында 8 сынып, желтоқсан айының 15 күні «Тәуелсіздікке 30 жыл» тақырыбында 9–10 сыныптар оқушылары арасында пікірталас өтті. Қараша айының 6 күні «Туған жерге тағзым», «Менің Отаным

Қазақстан», 1 мамыр «Қазақстан киелі достықтың мекені» тақырыбында «Тарихқа саяхат» Үйірме жетекшісі К. Жақыпбеков жас ұрпақтың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті іқалыптастырып балаларды өнерге баулу, туғанелге, жерге деген сүйіспеншілікті және махаббаты одан әрі ояту, ұлттық бірлікке тәрбиелеу, сонымен қатар дарынды балдардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында бастауыш 6 сынып оқушылары арасында іс-шаралар өтті.

Мектеп тәлімгері А. Қожабаева ұйымдастыруымен 10 Қараша «Күздік мектеп ауласын тазалау» акциясы 10 сынып, 25 желтоқсан жаңа жыл ұйымдастыру, Қаңтар айының 10 «Нашақорлыққа қарсымыз» жоғарғы сынып флешмоб 21 ақпан «Тұлпар мініп ту алған өнер фестивалі, «Аналар мерекесі» аналарға арналған кеш 6-7 сынып, «Қош келдің өз-Наурыз», сәуір айының 7 күні «Көктемгі аула тазалау» 8-10 сынып оқушалар қатысты, оқушыларды оқуға ынталандыру және балдардың қала туралы білімдерін тиянақтау, тіл байлығын, ой-өрісін дамытуға, елімізді, қаламызды сүйуге баулу, қаламыздың тарихи ескерткіштерін аялауға, демелыс орындарында өздерін ұстай білуге, қаланы құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Әдебиет әлемі» мектепшілік үйірменің жас оқырмандары 5 сынып оқушыларымен «Отаным алтын бесігім», «Алғыс айту парыз» тақырыбында іс-шара өтті.

Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау мақсатында «Бес асық», «Асық ату», «Қазақша күрес», «Қол күрес» ұлттық ойындары әр жұма ұйымдастырылды. Сайыста белсенді қатысқан оқушыларына сый-сыяпаттар беріліп отырды.

«Шебер қолдар» үйірме жетекшісі А. Аширбеков атсалысуымен оқушылардың функционалдық сауаттылын арттыру, еңбекке баулу, шығармашылығын, қиялын дамыту мақсатында түрлі қолөнер туындылары жинақталып, көрме өткізілді. Көрмеде қағаз киындыларынан аппликация, ағаштан жасалған және өңделген теріден жасалған ұлттық бұйымдар қойылды. Көрмені тамашалаушы балаларға әр заттың жасалу тәсілі мен қолдану мақсаты түсіндірілді.

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру барша қауымның ортақ ісі. Жас жеткіншектің жан – жақты болып өсуі тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Сонымен қатар, оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жоспарын жасағанда ескерту керек. Бұл ретте біз сөз еткен зерттеу шеңберін кеңейтіп, сан қилы тәсілдерін жетілдіріп, нәтижелігін арттыру үшін аянбай еңбек ету керек.

Тәрбие негізін қалайтын, оқушылардың білімін кеңейтіп, өз қабілетін танып білуге үлес қосатын үйірме жұмысы болып табылады. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға, өз қабілетін танып білуге, қосымша жұмыс жасауға үйретіп, дүниетанымын кеңейтеді. Біздің мақсатымыз да осы - оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу, шәкіттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету, тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысында төзімділігін арттыру.

2022 – 2023 оқу жылында № 48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жеке және топтық жұмыстар жасау арқылы қызығушылығын ояту, салауатты өмір

салтын насихаттау, отан сүйгіштікке баулу, өз қабілеттерін шыңдау, оқушылардың білімі мен қабілетін арттыру мақсатында мектепте 12 ақысыз үйірме құрылды. Мектеп директорының бұйрығымен үйірме жетекшілері бекітіліп, сабақ кестесі құрылды. Спорттық бағыт бойынша 3 үйірме: «еркін күрес», «тоғызқұмалақ», «Волейбол» жұмыс жасады. Шығармашылық бағытта «Шебер қолдар», «жас суретшілер», экологиялық бағыт «Өлкетану», пәндік «Жас математик», «Жас қаламгер», «Өлең сөздің патшасы», «Education» клубы жоспарға сәйкес жұмыс жасады.

Оқу жылының басында 2 – 11 сынып оқушыларынан қызығушылығы туралы сауалнама алынып, сол сауалнаманың нәтижесі, бағыты бойынша, үйірмелерге қамтылды. Жылпы 107 оқушы ақысыз үйірмемен қамтылды.

№	Үйірме атауы	Бағыты	Сағат саны	Оқушы саны	Үйірме жетекшісі
1.	Жас қаламгер	Шығармашылық	1	10	Мырзақасымова У
2.	Шебер қолдар	Шығармашылық	1	7	Ахметова Ж
3.	Өлкетану	Экологиялық	1	10	Дабидов Э
4.	Жас математик	Пәндік	1	9	Жолдыбай Ә
5.	Өлең сөздің патшасы	Шығармашылық	1	12	Наушабекова Б
6.	Волейбол	Спорттық бағыт	1	15	Нишанов У
7.	Еркін күрес	Спорттық бағыт	1	7	Андабаев Б
8.	Жас суретшілер	Шығармашылық	1	6	Ахметова Ж
9.	Education	Пәндік	1	8	Стамкулова С
10.	Тоғызқұмалақ	Спорттық бағыт	1	10	Аширбеков А
11.	Жас техник	Пәндік	1	6	Жайықбаева Ұ
12.	Құқық үйірмесі	Пәндік	1	7	Сламбай Е
Барлық үйірме сәні			12	107	

«Ұшқыр ой» дебаттық клубы

«Ұшқыр ой» дебаттық клубының жоспарына сәйкес оқушылардың шығармашылық қасиеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру, шешендік өнер және жұртталдына сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау, ынталандыру, оқушылар арасында пікір сайыстың деңгейін көтеру мақсатында 2022 – 2023 оқу жылында мектепшілік пікір сайыс «Ұшқыр ой» дебаттық клубы құрылып, 9 – 10 сынып оқушыларынан 15 оқушы үйірмеге қамтылды, жетекшісі тарих пәні мұғалімі К.Жақыпбеков тағайындалып, жылдық жоспары бекітілді.

Мақсаты: Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;

- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету

Дебат клубының жоспарына сәйкес 3 қарашада №48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде күзгі демалыс кезіндегі жоспарға сәйкес 8 – 9 сынып оқушылар арасында "Ұшқыр ой" дебат клуб мүшелерімен пікір талас өткізілді. Пікірталаста әр оқушы өз ойларын ашық айтып, жаңа қырларынан танылды.

№48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде «Тәуілсіздік биік болсын тұғырың» атты мектепішілік пікірсайыс турнирі болып өтті. Пікірсайыстың мақсаты: өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру; оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу; республикадағы пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау. Мектепішілік турнирге «Мәңгілік ел», « Жалын», фракциялары қатысты. Төрешілердің шешімі бойынша «Алаш орда» - бас жүлде, - «Достық», I орын, «Мәңгілік ел» - II орын, - «Алаш орда» III орын иеленіп, мақтау қағазымен марапатталып, қосымша сыйлықтар таратылды.

«Алғыс Айту – Парызым!» тақырыбында 8 ақпан күні мектепішілік пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды. Турнирдің мақсаты: жалынды жастардың сөзге шешен болып, өз ойларын ортаға салып, саяси тақырыптарды дұрыс талқылауға үйрету, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу. Отанға деген патриоттық сезімін одан әрі жандандыру, сауатты тұлғаны тәрбиелеу. Мектепішілік турнирге 4 команда

қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/iigzewnm1WzTNHgk/?mibextid=oFDknk>

«Шебер қолдар» үйірмесі

Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Ұлттық педагогиканы насихаттауға қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіншіліктері мол. Соның ішінде көркем еңбек сабақтарында, үйірме сабақтарында қолөнерге үйрету арқылы тәлім-тәрбиені оқу-тәрбие процесіне арқау ету өте қажет дүниенің бірі саналады. Мектептегі көркем еңбек сабағында шәкірттерге қол өнер арқылы жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, оларды өнерге баулу адамзат қоғамында жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді. Жас ұрпақты жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелейді.

Бүгінгі дәуірде оқушы қиялына қозғау салып, қанат бітіру, ой-өрісін дамыту, білім берудің алғы шарты болып отыр. Өйткені қиялы қарыштамаған адамның білімді еркін меңгеруі мүмкін емес. Заман талабына сай мектепте оқушыны сәндік қолданбалы қол өнерге, көнеден келе жатқан қол өнерге үйрету, сонымен қатар

өмірдегі өз қажеттілігін қанағаттандыра білуге үйрету бүгінгі таңда үлкен мәселелердің бірі екендігі анық.

№48 Саңырау мектебінде 2022–2023 оқу жылында «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс жасады. Үйірме жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Ахметова Ж. Үйірмеге 2-6 сынып оқушылары арасынан 10 оқушы қатысты.

Білім беру бағдарламасының басты мақсаты – әр бір оқушыға түбегейлі білім беру, дәстүрлі мәдениеттің негіздерін үйрете отырып, оларға қолайлы жағдай жасау. Мектептегі жүргізілетін технология сабақтарының міндетті бір саласы өскелең жас ұрпақтың келешекте бір кәсіпті меңгеруіне бағытталады. Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сай еліміздің дамыған елдермен қатар тұруы және ұлтымыздың болашағы үшін зерделі, білімді, өз бетімен іс-әрекет ете алатын, қоғамда өз орны болатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Технология пәнінің мұғалімі өзінің лауазымдық міндеттеріне сай еңбекке баулудың, тәрбиелеудің әдістемесі мен бағдарламасына сәйкес балаларды оқыту жұмыстарын жүргізеді. Білім алушылардың еңбекке икемділігі мен дағдысын, оларды практикада қолдануға дайындығын қалыптастыру. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес технология пәнінің оқу жоспары мен үйірме материалдарын құрастырады. Сонымен қатар, оқушылардың техникалық шығармашылыққа, ұтымды еңбек етуге және өнер тапқыштыққа ұмтылысын дамытып отыруы қажет. Үйірме жұмыстарының міндеттері негізінен оқушының бойындағы біліктілік пен танымды, еңбексүйгіштік пен қарым-қатынасты тәрбиелеу, үнемділік пен еңбек өнімділігіне жетуді үйрету, шығармашылық пен оған деген белсенділікті арттыру, конструкторлық-технологиялық ой-өрістерін дамыту болып табылады.

Ұстаздың міндеті – оқушыны зерттеу, икемділігін анықтау, бағыт-бағдар беру, үйрету, қызықтыру және нәтижеге қол жеткізу, ынталандыру. Қажет кезінде ата-анамен тығыз байланыс орнатып, үйірмеге қатысып жүрген оқушының жұмыстарын көрсетіп, бағыт беріп, ақылдасуға болады. Үйірме сабақтары басқа пәндер сияқты толық дидактикалық кезендерді қамтымай, мұғалім шеберлігіне қарамай негізге үш кезең: кіріспе негізгі және қорытынды болып жоспарлануы мүмкін. Әсіресе үйірмеге қатысатын оқушыларға таным мен дағдыны қалыптастыру барысында тек олардың техникаға байланысты сапалық білімдеріне сүйеніп қанақ оймай, басқа пәндер бойынша білімдерін дамытуға ықпалын тигізеді. Мысалы металдардың ыстық немесе суық күйіндегі көлемінің өзгеретіндігі, үйкелісі, тозуы, т.б. физика пәніне қызығушылығын арттырады. Ағаштардың түрлері, олардың өсуі, қасиеттері биология пәнінің жетік білуге алып келеді.

Үйірме жұмыстарының тиімді өтуіне көбіне көп шеберхананың материалдық-техникалық базасы мен мұғалімнің әдіскерлік жағдайдағы сапалы даярлығы өте маңызды. Дайындықсыз өтілетін сабақтарға оқушының қызығушылығы бірінші күні-ақ төмендеп кетеді. Оқушылардың өз бетімен бос жүрісі көбейеді. Берілген жүктеме бомағандықтан, олардың түрлі әрекеттер мен іс-қимыл көрсеткіштерінің сапасы болмайды. Осыдан жасалатын қорытынды және мұғалімге қойылатын басты талап жан-жақты талап.

Жұмысты тиімді ұйымдастыруға ең бірінші даярлық типтік оқу бағдарламасына сай жасалатын өздік күнтізбелік жоспардан басталуы шарт. Жоспардағы әрбір өтілетін тақырыпқа жете мән беріліп, оның өз мүмкіндіктеріне сәйкестігі,

теориялық сағаттарының мөлшері, қосымша компоненттерге байланысты мұғалімнің қосатын іс-әрекеттері мен жаттығулары, оқу шеберханасының материалдық-техникалық базасы, оқу көрнекіліктерінің және құралдарының жеткіліктігі т.с.с. жағдайлар кеңінен зерделеніп барып жоспарға енуі тиіс.

Сонымен қатар қанша бала тақырыпты немесе іс-әрекетті игере алады, топтағы баланың құрамы белгілі болғандықтан, неше балаға мүмкіндікке қарай қосымша практикалық сағат, уақыт бөлу жағдайлары ескерілуі тиіс. Осылайша мұғалім шығармашылық тұрғыда өзіне қажетті әдістемелік құралдардың тізімін жасай отырып, преспективалық-тақырыптық жоспар құрады. Сапалы жасалған жоспар келешек атқарылатын жұмыстарға жеңілдік әкеледі, нәтижеге қол жеткізе алады.

Нақты жоспар бойынша жасалған жұмыстар қандайда болмасын еңбек түрін, жұмыс тәсілін үйретіп, оқушыларға терең меңгертіп қана қоймай, осы іске деген үлкен құрметпен қарауға да көмегін тигізеді.

Жалпы баланың ақыл-ойын дамытып, адамгершілікке, іскерлікке баулу, жеке адамның дамып жетілуіне қолөнердің әсері мол. Қолөнер арқылы баланы болашақ кәсіпкерлікке де даярлауымыз керек. Жастайынан іспен айналысқанды ұнататын балаларды өнерге баулу, олар мен жүйелі жұмыс жүргізіп отыруымыз негізгі міндетіміз.

Қол өнерге деген қасиет – оқушының бойындағы дамыған сана белсенділігі, туа біткен қабілеті. Осы қабілет мектептегі үйірмелер арқылы сан алуан ғылыми салалардан білім алу және тәжірибелі ұстаздардың көмегі арқылы ашылады. Үйірме жұмысының нәтижесінде үйірмеге қатысатын оқушылар басқа оқушыларға қарағанда анағұрлым толық мағлұматтарға қанығып, шеберлігі шыңдалып, ой-өрісі кеңіе түседі. Үйірмеде оқушы тек мұғалімнің үйретуімен бұйым түрлерін жасаумен шектеліп қоймай, сонымен бірге оған талдау жасап, жасалу, өңделу технологиясына да өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Осылайша балалар әр түрлі шығармаларды зерттей отырып, баға берумен өз бойларында келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық бағалы қасиеттерді қалыптастырады.

Қазіргі өмір талабы-оқу тәрбие процесін түбегейлі өзгерту. Білім жүйесінің жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік жұмыстарының мазмұнының өзгертуі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуды, шыңдауды талап етеді. Дамудың жаңа сатысына бағытталған мектептің ең негізгі өзегі мұғалімнің жеке басының ізденімпаздығы мен білімділігіне көп жағдай тәуелді.

Дүниетану, білімге талпыну – әрбір адамның түбегейлі ісінің бірі. Егер әрбір адам білімге талпынбаса, еңбектен бесеілгері басу, прогрес те болмаседі. Сондықтан, ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық педагогикалық әдеп - ғұрыптарын, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат әрекеттерге сын көзбен қарайтын, ақпаратты жинап, саралай, тұжырымдай алатын оқушыларды дайындауымыз қажет. Олар жаңа ойларға, идеаларға толы, күтпеген жерден пайда болған мәселелерге мағына беріп, қажет ақпараттарды айта білулері керек. Оқушылар кез-келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан шығармашылықпен қарап, оның ұтымды жақтарын тиімді қолдануға тиісті. Мектеп қабырғасында үйірмеде жинақтаған іс-тәжірибесі келешек өмірінде көп пайдасын тигізе алатындығын оқушы жете түсінгенде ғана өз қабілетін ашып көрсете алады. Қазір кез-келген баланың қолынан ұялы телефон, ноутбук, сандық фото апарат жаңа техниканы игеріп қана қоймай, оны

жөндеуге, қалпына келтіруге де тырысады. Бұл баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамытуды, шығармашылық ізденіс дағдыларын сыни тұрғыдан қалыптастыруды қажет етеді. Қабілетті бала барлық күрделі істерді өзі шеше алатын, өзін-өзі дамыта алатын дәрежеге жете алады. Ол бос уақытты тиімді пайдалана білетін болады, пайдасыз, жағымсыз әрекеттерден тартынады, өзіне қажет ақпараттарды, құрал-жабдықтарды жинақтай бастайды, соның нәтижесінде аз да болса табыс таба алатындығына сенеді.

Қазіргі қоғамымызда рухани бай, терең білімді, өнерді бағалап, зерттей білетін, оны әрі қарай жалғастыра білетін, танымдық белсенділігі жоғары балаларды тәрбиелеп шығару мектептің міндетті.

Танымдық белсенділік – жас ұрпақтың оқуға, өнерді тани білуге деген ынта-ықыласының көрінісі. Баланың өнерді үйренуіне негізгі түрткінің бірі – қызығуды туғызуды үшін оқушыларға берілетін білімнің мақсаты мен қажетін түсіндіріп, оларға нақты өнердің сатыларын үйрету керек. Үйренуге, оқуға білуге деген қызығушылық – танымдық белсенділіктің қозғаушысы. Әрбір ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін білім мен білігіне сай оқу бағдарламасын тандай отырып, олардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін амыту керек. Оқушыларды дәстүрлі халықтық көркем өнерге тартуда үйірме жұмысы маңызды рөл атқарады. Осы үйірме жұмыстарында оқушылардың шығармашылық белсенділіктері мен дербестіктерін дамытуға жағдай жасалып, оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерінің қалыптасуының кепілі бола алады. Мектептегі үйірме жұмысының нәтижелерін өткізілетін көрмелерден байқауға болады. Мектепте балаларды халықтық өнерге баулуда, көркемдік шеберліктің тәсілдеріне үйретуде қолданбалы өнер, ісмерлік үйірмесі үлкен еңбек етуде. Үйірмелерде оқушылар өз шеберліктерін іс жүзінде қолдана алады. Асқан шеберлер көркем қолөнеріне басқаша шығармашылық көзбен қарап әдемі және де пайдалы заттарды жасай алады. Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Үйірме жетекшісінің негізгі мақсаты – өз бетінше дами алатын жеке тұлғаның белсенділігін қалыптастыру, оқушыларға өз бетінше танымдық іс-әрекет әдістері мен дағдыларын меңгерту, ақыл -ой қабілетін жетілдіру. Оны мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттерді шешу керек.

- әр оқушының шығармашылық арнайы ерекшеліктерін ескеру;
- оқушының белгілі бір өнер түріне деген қызығушылығын арттыру;
- имандылыққа, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу бағыттарын жүзеге асыру;
- оқушының жас ерекшелігін ескеру;
- техникалық білім мен біліктілікті қалыптастыру.

Үйірме жұмысындағы нәтижеліктің басты белгілері мұғалімнің жеке басының білімділігі, шеберлігі, өміртанымы, өз пәніне шәкірттерін иландырып, қызықтыра білуінде. Менімше, әрбір сабақты тиімді ұйымдастырып, оны оқушылар зерікпейтіндей етіп өткізу керек. Оқушының сол уақытта ғана пәнге деген қызығушылығы артып, тіпті нашар оқитын оқушының бойында да бір қозғалыс болатынын байқадым. Өз әдістерімде қосымша әдебиеттерді, жаңа ақпараттық технологияларды, әлем журналдарын, интернет ақпараттарын кең пайдаланамын. «Еңбектен аянбасаң, еңбегің жанады» деп ата-бабаларымыздың нақыл сөздерін

жерге тастамай, бағалауға оқушылардың сезіміне сіңіру, оқушыны табысқа жеткізу мұғалімнің еңбегі. Шығармашылық жұмыстардың білік деңгейіне көтерілуіне үйірме жұмыстарының қосар үлесі мол. Үйірмеде оқушылар өздері құрастырып жасалған еңбектері бағаланады. Бұдан әр тұлғаның өз жетістіктері көрінеді. Жұмыстар ай сайын өтетін сайыстарға ұсынылып, көрмелерге қойылады. Бұл жас таланттың әрі қарай қанат жаюына үлкен жол ашады, «Сенің алдында өнер көп, соның өзіне пайда әкелетін біреуін танда, оны зертте, қиындықтарына бас имей, шыдамдылықпен үйрен, өзіне қуаныш сезімін алып келетін нәтижеге қолың жеткенше еңбектен». Осы тұрғыдан алғанда бір өнерді игеру, оны түсіну жаңа технология бойынша оқушылардың білімі мен шеберлігін арттыруға, ой-санасының дамуына мүмкіндік жасайды.

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сай еліміздің іргетасын нығайтып, келешігін жалғастыратын, көкірегі ояу, саналы, арманшыл жастар екені даусыз. Шығармашылық қабілеті дамыған, өнер тілін түсінген, өмірде бір мақсатқа қол жеткізіп үйренген оқушы кез келген істе осы қабілеттерін қолданатын болады. Мұғалімдерден қоғамның талап етіп отырған азаматтары осындай қабілетті, жан-жақты, ұлтының тарихын білетін, озық ойлы болуы қажет деп ойлаймын. Әр баланың ізденіс еңбегі жетістікке жеткізеді. Сондықтан да үйірме жұмыстарында олардың қызығушылығы мен ізденісі – бірінші орында және технология сабағында осы оқушылар әрқашанда кез келген тақырыпты бірден іліп әкетеді. «Шебер қолдар» үйірмесіне қызығушылық танытып жүрген оқушылар көп.

Тәрбие процесін ұйымдастыруда үйірме жұмыстарының алатын орны ерекше. Жастарды өнерге, мәдениетке құштарлығын дамыту мен тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру. Оқушылардың өз білімін жетілдірудің негізгі формасы – үйірме. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік. Егер үйірменің жұмысы қоғамдық пайдалы тапсырмаларды орындаумен, қоршап тұрған өмірмен, өндіріспен байланысты болса нәтижелі болады.

Қосымша білім беру жүйесінде қатаң регламент жоқ, бірақ балалар мен ересектер арасындағы еркін сыйластық қарым – қатынас, шығармашылықпен айналысуға және жеке тұлға болып қалыптасуына жасалған жағдай жеке тұлғаға бағытталған технологияларды ісжүзінде пайдалануға мүмкіншілік береді.

2023 – 2024 оқу жылында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп жанында ақысыз үйірмелер құрылып, үйірме жетекшілері бұйрықпен бекітіліп, жұмыс жоспарлары, сабақ кестесі құрылып, бекітілді.

Көркем – эстетикалық бағыт бойынша құрылған үйірмелер «Шебер қолдар» колөнер үйірмесі

«Шебер қолдар» колөнер үйірмесіне бастауыш сынып пәнінің мұғалімі жас маманы Ахметова Ж жетекшілік жасайды. Үйірмеге 11 оқушы қатысады. Үйірменің апталық жүктемесі аптасына 1 сағат.

«Шебер қолдар» колөнер үйірмесінің бағдарламасы оқушыларға тәрбиелік мәні бар, көркемдік шеберліктің үлгісі. Бүгінгі шәкірттерді, еңбекқор, жан-жақты

икемділік қабілеттері жетілген азамат етіп тәрбиелеуді көздейді. Бағдарлама бойынша жас ерекшеліктеріне байланысты оқушылармен сабақты ұйымдастыру әдістемесін, теориялық сабақтар мен практикалық жұмыстар үшін уақытты дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Үйірме бағдарламасы 11 бөлімнен тұрады:

- Ұлттық киім түрлері, әйелдер мен ерлер киімдерін түрлі материалдан қиып жапсыру;

Тұрмыстық еңбек бөлімінде әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіру;

- Жұмсақ бейне ойыншықтар бөлімінде жұмсақ ойыншықтар жасау технологиясы;
- Жапсырмалау жұмысы бөлімінде қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан ертегілер әлемінен көрініс құрастыру;
- Былғарымен жұмыс жасау бөлімінде былғарыны тазалау, бояу, пішу, одан әртүрлі бұйымдар жасау;
- Ою-өрнек бастырмалар бөлімінде ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері;
- Сәндік қолданбалы – өнер элементтері бөлімінде шолпы, алқа, білезік, тұмарша бұйымдарын жасау;
- Су моншақ тоқып үйрену бөлімінде моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен кестелеу;
- Тоқыма-өнері бөлімінде тоқу әдістері үйретіледі.

Қазір оқушыларымыз өнердің барлық түрлерін, қолөнер еңбекке икемділіктерін үйірме жұмыстарымен айналыса отырып толық меңгеруге тәрбие берудің деңгейін көтеріп, мақсатқа жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер қажеттілігінің туындауын шығармашылық іс-әрекеттерімен көрсетуде.

Күтілетін нәтиже оқушылар өздерінің бағдарламаға сай жасаған туындыларының нәтижесін мектепішілік, аудандық көрмеде көріп, жүлделі орындар алу.

Тілдік бағыт бойынша құрылған үйірмелер

«Жас қаламгер» үйірмесі

Қазақ ауыз әдебиетінің бір түрі- шешендік өнер. Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең аладымен қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазға емес, халық жадында сақталған. Оқушыларды шешендік өнерге баулудың маңызы зор. Қазақ халқы шешендік өнерді аса құрметен бағалағандық-тан, мектеп оқушыларын ата – баба ізімен шебер сөйлеу, тілдерін дамыта түсу, олардың үлгі өнегесін бойларына дарыту- басты міндет.

Мектебімізде «Жас қаламгер» үйірмесі жұмыс жасайды, жетекшісі педагог – модератор біліктілік санаты, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сейтжанова Айгул. Үйірмеге 20 оқушы қатысады.

«Жас қаламгер » үйірмесінің мақсаты: оқушының ой-өрісін, сана сезімін жан-жақты дамыту. Ата – бабамыздан қалған әдеби мұралар-халқымыздың өсиеті мен өнегесіне дәріптеу дәстүрі. Даналардың уақыт елегінен өтіп, ұрпақтар зердесіне ұялаған ұлағатты нақылдарды дамыту.Шешендік сөздерді оқытып, жатқа айтқызу арқылы оқушыларды ойлауға, сөйлей және жаза білуге төселдіру.

«Футбол» үйірмесі

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Ата – бабамыз «Тәні саудың-жаны сау» - деп бекер айтпаған. Салауатты өмір сүру дегеніміз – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене тәрбиесінің маңызы зор. Жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыру керек. Жастардың жан – жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес. Спорт — барлық тәрбие атауының бір саласы. Оның түп негізі – қозғалыссыз тіршілік болмақ емес. Спорт жаттығуларын жүйеге түсіріп белсенді бір мақсатқа бағыттаса, оның берері көп. Бірінші байлық – денсаулық деген, ал сол денсаулықтың кепілі спорт. Салауатты өмір сүрмей тұрып, өмірге қажетті нәрсені ала алмайсың. Адам баласы жарасымды тұрмыс ұрып, үйлесімді дамуы үшін біздің ауданда жағдай жасалған. Спорттың барлық түрімен айналысуға болады. Алдамшы құмарлықтан бас тартып өзін-өзі билей білу — адам бойындағы ізгі қасиет, үлкен парасаттылық.

Футбол — спорттың командалық ойын түрі. Футбол – әлемге аса танымал ойындардың бірі. Ойынның негізгі мақсаты қарсылас команданың қақпасына аяқпен немесе басқа да денемүшелерімен (қолданбасқа) қарсылас команда салған саннан көбірек доп салу болыпта былады.

Халықаралық футбол ассоциацияның әртүрлі деңгейде және әртүрлі футболшылар топтары үшін 17 нұсқасы бар. Әр командада максималды 11 ойыншы (қосалқы ойыншыларды санамағанда), оның біреуі — қақпашы. Қақпашыдан басқа ойыншылар қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді. Бір ойынның аты - матч, матч екі 45 минуттық бөлімнен (тайм) тұрады. Ойын арасында 15 минутты күзіліс бар.

Ойын мақсаты – команданың допты қарсылас команданың қақпасына салу (гол) және өз қақпасына салғызбау. Матчта көбірек доп салған команда ұтады. Егер де матчтың нәтижесінде екі команда да бірдей гол салса – тең ойын деп саналады. Бұл жағдайда тағы қосымша уақыт (15 минуттан екі рет) берілуі мүмкін. Егер де қосымша уақыттан кейін тең ойын болса – матчтан кейінгі пенальти жұптары өткізіледі.

Футбол үйірмесінің жетекшісі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жақып Жанарыс. Футбол үйірмесі ақысыз түрде, аптасына 2 рет жүргізіледі. Үйірмеге 5 – 10 сынып оқушылары арасынан 20 оқушы қатысады. Футбол үйірме оқушылары мектепішілік, аймақтық лигаларда ойын көрсетіп жүлдері орын иеленуде.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдануға, «Спорт – денсаулық келіпілі» спорт пен айналысуға шақыру мақсатында мектепішілік лига болып өтті. Турнирге жалпы 3 команда қатысты.

Командалар арасында жарыс айналмалы жүйеде өтті, яғни барлық команда бір кездесуден өткізді. Ойын барысында әр топ өз жанкүйерлерінің қолдауын сезініп, ең мықтылар анықталған ойындар тысты бәсекеге ұласты.

Жүлделі орындарға ие болған командаларға естелік кубоктар мен тиісті дәрежедегі дипломдар табысталды. I орын – 9 , II орын – 10 , 7 сынып

2023 – 2024 оқу жылында жылдық жоспарына сәйкес, қыркүйек айында оқушылардан сауалнама алынып, қызығушылықтары, қабілеттері бойынша ақысыз үйірмелерге тартылды. А.Байтұрсынұлының туылған күніне орай «А.Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы» сұрақ – жауап айдары, «Адал азамат – әділетті Қазақстан» адалдық сағаты, «Зиянды әдеттерден аулақ бол» тақырыбында жиналыс, «Тоғыз айға тоғыз іс – шара тұжырымдамасына сәйкес дене сергіту республикалық челледжі өтті.

Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, академиялық білім деңгейін арттыру, оқушылардың шешендік шеберлігі мен сенім дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Ұшқыр ой» дебаттық пікірсайыс клубы құрылды.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында қазақтың төл өнері айтысты жастар арасында насихаттау, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, өскелең ұрпақты ұлттық өнерге баулу мақсатында «Ұшқыр ой» дебат клуб мүшелері арасында пікірсайыс болды. «Жалын» «Достық» командалары қатысты.

25 – қазан Республика күніне орай «Ұшқыр ой алаңы» оқушылар мен жастардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени – білім беру жобасы тұжырымдамасын іске асыру мақсатында мектепішілік пікірсайыс турнирі болып өтті.

«Қазақтың ұлттық ойындары» «Асық ату», 2-4 сынып оқушылар арасында мектепішілік жарыс өтті.

«Мәңгілік ел идеясы және Тәуелсіз Қазақстан жолы» дөңгелек үстел болып, оқушылар ашық өз ойларымен бөлісті.

«Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Оқу-ағарту министрлігі 25.08.2022 жылғы №377 бұйрығы негізінде педагог-психологтардың жылдық іс-шаралар жоспары түзіліп, мектеп директоры бекітті.

Педагогикалық кеңесінің шешіміне сәйкес жаңа оқу жылында 1сыныптарға қабылданған оқушылардың тізімін алу, жинақтау жұмыстары жүргізілді.

Психологиялық жұмыстарды кедергісіз жүргізу мақсатында кабинетті жабдықтау жұмыстары ұйымдастырылды.

«Сенім телефон», «Сенім жәшігін» ұйымдастырып, «Директорға хат» акциялары өткізілді.

Мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығын анықтау мақсатында «Керн-Йирасек» тесті алынды.

«Бестерек» жобасы мен «Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасы бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді. 5-11 сынып оқушыларынан «Эссе», «Сауалнама» алынды. 5-7 сынып оқушыларынан «Менің арманым», 8-11 сынып оқушыларынан «Менің болашаққа жоспарым» тақырыбында сынып жетекшілері эссе алды. Сауалнамаға 80 оқушы қатысты. Психологиялық көмегіне жүгіне отырып, оқушылардың деңгейлері анықталды. Анықталған оқушылар бақылауға алынып, кеңес беру, түзету жұмыстары жүргізілді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың (үйде оқытылатын және инклюзив) эмоционалдық көңіл-күй мен таным процестері

зерттелді. Жасерекшелігіне қарай сауалнамалар алынды. Жеке сабақ кестесі құрылып, педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жолға қойылды. Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ, үйде оқыту бойынша 1 оқушы білім алуда. Үйде оқытылатын оқушыларға айына 2 рет барып, психологиялық-әлеуметтік жағдайынан хабар алынып, психологиялық-әлеуметтік көмектер көрсетіліп отыр.

5-сынып оқушыларының бейімделуін анықтау бойынша Дж. Морено «Социометрия» әдісі алынды. Орта буынға бейімделуіне тренинг сабақтар өткізілді. Қажеттілікке қарай үлгерімі төмен оқушылармен түзету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

9-11 сынып оқушыларының мамандық типін анықтау мақсатында «ДДС» Климов тесті алынды. Қызығушылықтары бойынша жеке кеңеске келген оқушылармен жұмыстар жүргізіліп отыр.

Әскери қызметке шақырылуға дейінгі 5 оқушымен психологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, педагогикалық-психологиялық мінездеме жазылды.

Ата-аналармен жұмыс.

Бала тәрбиесі туралы ата-аналарға арналған сауалнамалар алынды. Ата-аналар жиналыстарына қатысып, ата-аналармен тренинг сабақтар өткізілді. Жеке сұраныстарымен келген ата-аналарға кеңес берілді.

Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен діни экстремизмді алдын-алу жұмыстары бойынша анонимді және ашық сауалнамалар алынып, қорытындылары шығарылып, ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға 102 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесімен байқалған әрекеттер саны -2. Түсіндіру жұмыстарымен қамтылған оқушы саны-10. 5-7 сынып оқушыларына «Буллинг және кибербуллинг» тақырыптарында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен жиналыстар өткізілді.

Оқушы қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша қыздар жиналысы әр ай сайын өткізіліп отыр. Қыздар ұйымының жетекшісі, медбикелермен бірлесіп түзету, түсіндіру, ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/NaNdoBvGvPw6yGDK/?mibextid=oFDknk>

«Менің әлемім» тақырыбында психологиялық 5 күндік өткізілді. 1-күн «Бақытты күн» айдарымен психологиялық қызметтің апталығы ашылды.

Оқушыларға психологиялық, жағымды атмосфера қалыптастыру, көңіл-күйін көтеру, көңіл-күйін реттеу мақсатында мектепке қандай көңіл-күймен келгенін смайликтермен көрсетіп, көңілді әуенмен топтық "Қимылды жаттығу", "Бақыт мен үшін ол.." акциясы ұйымдастырылып, оқушыларға мейірімділік жайлы бейнероликтер көрсетілді.

Апталықтың мақсаты: Психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, мектеп ұжымының ауызбіршілігін, ынтымақтасты қалыптастыру, ұжымда бір-

бірін қолдауға, өз ісінің белсенді маманы болуға деген ниет тілегін арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/rw6VZamz31cpvyT5/?mibextid=WC7FNe>

2- күн «Жылы лебіздер күні».

Мақсаты; оқушылар арасында жақсы қарым – қатынас орнату, бір – біріне деген құрметін, сенімділігін арттыру, позитивті көңіл - күй сыйлау.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0LMHBpD7nrw67UxNPQQdVa6CMAdu9ZuspJnYjSJkUKKsT8UpTmus8QkF7xr6fYjhl&id=100024332640548&mibextid=WC7FNe

3-күн «Мейірімділік күні. Өзін-өзі басқару ұйымы «Мейірімділік асыл қасиет» тақырыбында жақсылық жасап жарысайық деген ұранмен бейнероликтүсірді.

<https://www.facebook.com/share/qYhdFYn5A8MANxsW/?mibextid=WC7FNe>

Мақсаты: білім алушылардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

<https://www.facebook.com/100024332640548/posts/pfbid0CMuEaHn3no1eWAHWvVfNnUVmBJ3myiYfV9k2i2fCXoeSQuVgrvXTF9nZBALs8UFfl/?mibextid=WC7FNe>

4-күн «Жақсылық күні». «Жылы жүрек – жомарт қол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02gUBw3jCcu5LkVak8mpfyqpghCjcokogQtCK7SyiTYSKmtYyy6gGcUMTGQ6aQfjdPl&id=100024332640548&mibextid=WC7FNe

5-күн «Жарқын болашақ күні. 5 – 6 сынып оқитын суретші оқушылар арасында «Мен сенімен біргемін» фотосурет көрмесі болды.

7-сынып оқушылары арасында «Күш бірлікте» тақырыбында командалық тимбилдинг өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/o5CxLfVrGSJaUucW/?mibextid=WC7FNe>

Қорыта айтқанда 9 оқушы тәуекел тобына алынды. Оның жасыл деңгейінде – 5, сары деңгейде – 4 оқушы. Қызыл деңгейдегі оқушы анықталған жоқ.

Бала тәрбиесі туралы ата-аналарға арналған сауалнамалар алынды. Ата-аналар жиналыстарына қатысып, ата-аналармен тренинг сабақтар өткізілді. Жеке сұраныстарымен келген ата-аналарға кеңес берілді.

Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен діни экстремизмді алдын-алу жұмыстары бойынша анонимді және ашық сауалнамалар алынып, қорытындылары шығарылып, ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға 102 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесімен байқалған әрекеттер саны -4. Түсіндіру жұмыстарымен қамтылған оқушы саны-15. 5-7 сынып оқушыларына «Буллинг және кибербуллинг» тақырыптарында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен жиналыстар өткізілді.

Оқушы қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша қыздар жиналысы әр ай сайын өткізіліп отыр. Қыздар ұйымының жетекшіс, медбикелермен бірлесіп түзету, түсіндіру, ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/NaNdoBvGvPw6yGDK/?mibextid=oFDknk>

«Менің әлемім» тақырыбында психологиялық 5 күндік өткізілді. 1-күн«Бақытты күн» айдарымен психологиялық қызметтің апталығы ашылды.

Оқушыларға психологиялық, жағымды атмосфера қалыптастыру, көңіл-күйін

көтеру, көңіл-күйін реттеу мақсатында мектепке қандай көңіл-күймен келгенін смайликтермен көрсетіп, көңілді әуенмен топтық "Қимылды жаттығу", "Бақыт мен үшін ол.." акциясы ұйымдастырылып, оқушыларға мейірімділік жайлы бейнероликтер көрсетілді.

Апталықтың мақсаты: Психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, мектеп ұжымының ауызбіршілігін, ынтымақтасты қалыптастыру, ұжымда бір-бірін қолдауға, өз ісінің белсенді маманы болуға деген ниет тілегін арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/rw6VZamz31cpvyT5/?mibextid=WC7FNe>

2- күн «Жылы лебіздер күні».

Мақсаты; оқушылар арасында жақсы қарым – қатынас орнату, бір – біріне деген құрметін, сенімділігін арттыру, позитивті көңіл - күй сыйлау.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0LMHBpD7nrw67UxNPQQdVa6CMAdu9ZuspJnYjSJkUKKsT8UpTmus8QkF7xr6fYjhl&id=100024332640548&mibextid=WC7FNe

3-күн «Мейірімділік күні. Өзін-өзі басқару ұйымы «Мейірімділік асыл қасиет» тақырыбында жақсылық жасап жарысайық деген ұранмен бейнероликтүсірді.

<https://www.facebook.com/share/qYhdFYn5A8MANxsW/?mibextid=WC7FNe>

Мақсаты: білім алушылардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

<https://www.facebook.com/100024332640548/posts/pfbid0CMuEaHn3no1eWAHWvVfNnUVmBJ3myiYfV9k2i2fCXoeSQuVgrvXTF9nZBALs8UFfl/?mibextid=WC7FNe>

4-күн «Жақсылық күні». «Жылы жүрек – жомарт қол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02gUBw3jCcu5LkVak8mpfyqpghCjcokogQtCK7SyiTYSKmtYyy6gGcUMTGQ6aQfjdPl&id=100024332640548&mibextid=WC7FNe

5-күн «Жарқын болашақ күні. 5 – 6 сынып оқитын суретші оқушылар арасында «Мен сенімен біргемін» фотосурет көрмесі болды.

7-сынып оқушылары арасында «Күш бірлікте» тақырыбында командалық тимбилдинг өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/o5CxLfVrGSJaUucW/?mibextid=WC7FNe>

Қорыта айтқанда 10 оқушы тәуекел тобына алынды. Оның жасыл деңгейінде – 5, сары деңгейде – 5 оқушы. Қызыл деңгейдегі оқушы анықталған жоқ.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандарты деңгейі);

Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылып отыр. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесі ұсынылған. Білім алушы өздеріне оқу пәндерін қалауынша таңдап отыр. Сонымен қатар, оқу пәндерін оқытудың стандарттық деңгейлерін үйлестіру негізінде жоғары оқу орындарына түсуге білім алушылардың академиялық дайындығын қамтамасыз етіп, міндетті оқу пәндерін оқумен қатар білім алушылардың оқытудың стандарттық деңгейлерінде бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған. Элективті курс - білім алушының таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім алу дайындығын кеңейтуге бағытталған

оқу жоспарындағы вариативті компоненттің құраушы бөлігі. Сондықтан мектеп бітірушілері міндетті оқу пәндерімен қатар элективті курстан берілген оқу пәндерін бейінді пәндерінен беріліп отырды. Алдын - ала бейінді оқытудың 8-9 сыныптарында оқушылар таңдау пәндері мен факультативтік курстарынынан вариативтік компоненті пәндері оқытылуда. Осы орайда, 2022-2023 оқу жылында мектепте бейінді оқытуды жүзеге асыру мақсатында бірінші №1 педагогикалық кеңесте қаралды. Осы хаттама негізінде бейіндік оқытуды жүзеге асыруда жұмыс оқу жоспарындағы таңдау және элективті курс сағаттары талапқа сай жүргізілуде. 10-11 сыныптар жаратылыстану – математика бағытында оқытылады. Биылғы оқу жылы жаратылыстану – математика бағыты, бағдары химия-биология, физика-математика бойынша оқытылды. Жыл басынан 10 сыныпқа қабылдаудың белгіленген ережелеріне сәйкес 9 сынып оқушыларының бейіндік бағытын анықтау мақсатында мектеп психологтары психологиялық зерттеулер жүргізіп, мамандық таңдау тақырыбында сауалнамалар алды. Оқушы сұранысына сәйкес өтініштер жазылды. Сонымен қатар ата-аналармен бағдарлы оқытуға түсініктер беріп, мамандық таңдаудағы сауалнамалар алынды. Осы мақсатта 9 сынып оқушыларының ой-өрісі мен кәсіби бағыттау деңгейін анықтауға диагностика жасалды: нәтижесі бойынша жаратылыстану-математика бағытын оқушыларымыздың **100%** таңдағаны анықталған болатын. Зерттеу қорытындысына сәйкес оқушыларды бейіндеп оқыту үшін 10-11 сыныптарына вариативтік компонентінен белгіленген сағаттар жаһандық құзіреттілік пен элективті курстың оқытылуына берілді. Сонымен қатар бағдарлы оқытуды ұйымдастыру жұмыстары: оқушы, ата-ана, психолог, сынып жетекшісі мен курс жетекшісінің бірлескен жұмыстары арқылы да іске асырылып отырады. 1-11 сынып аралығында бағдаралды және бағдарлы оқыту төмендегідей педагогикалық-психологиялық саты ретінде түзіледі. Бағдарлы және бағдаралды сыныптарда білім сапасын арттыру құрылымы бастауыш саты 1-4 сыныптарда баланың оқуға деген ерекше қабілеті мен құлшынысын дамыту арқылы іске асырылады. 1-сынып оқушылардың психологиялық іс – әрекетін қалыптастыру арқылы қай пәнге бейім екенін анықтау, 2-сынып пәнге байланысты саралау, 3-сынып пәнге деген қызығушылық белсенділігін арттыру, 4-сынып логикалық әрекетін жетілдіру арқылы оқушының алға қойған мақсатын анықтау. Негізгі саты 5-9 сыныптарда жеке тұлғаның жан – жақты білім алуын қалыптастырып, өзін-өзі айқындау қабілетін жетілдіру арқылы іске асырылады. 5-сынып оқушылардың пәнге деген қызығушылығы бойынша саралау және даралап оқыту. 6-сынып бағдаралды оқытуға бейімделу мақсатында әдістемелік көмек беру. 7- сынып нақты бағыт алуға жетелеу, сенімділік қабілетін қалыптастыру. 8-сынып болашақ мамандығына сай таңдап отырған пәнін оқыту. 9- сынып оқушы таңдап отырған нақты пәндер негізінде бағдаралды білім, білік қалыптастыру. Бағдарлы саты 10-11 сыныптарда қоғамдық өмірге төселген, жоғары мәдениетті, саналы таңдаумен бағдарлы білімді игерген жеке тұлғаны қалыптастыру. 10-сынып мамандыққа сай шығармашылық ізденіс қабілетін дамыту жұмыстарын жүйелеу. 11-сынып алған бейімдерін өз деңгейінде көрсету. Мектептің барлық оқу жоспары, оқу жоспарының вариативті бөліміндегі таңдау сабақтар оқушылардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін, бейімділіктерін ескере отырып, бейіндік оқытуға негізделген. 9-сынып оқушыларына жыл бойы болашақтағы мамандықтарын дұрыс таңдауларына

байланысты жоғары сынып оқушыларының қатысуымен жаратылыстану – математикалық бағытта кештер, оқу орындарының мамандарымен кездесулер, арнайы сауалнамалар алынып, кәсіби бағдар беру жұмыстары кең түрде жүргізіліп отырады. 10-сыныпта сол таңдаған бағыттары бойынша пәндері тереңдетіліп оқытылып, бағдарлы білім алады. Оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктері ескеріліп, бағыттар бойынша таңдау курстары жүргізіледі. Бағдарлы білім беруде ұстаз тұлғасының рөлі ерекше. Тәжірибелі ұстаздарымыз оқушыларға жүйеленіп, өңделген материалды дайын күйінде ұсынбайды, баланы өз бетімен ізденуге, өзіне қажет білімді іздестіруге керекті қасиеттермен қаруландырып отырады. Ұстаздарымыздың негізгі жұмыстарының бірі дарынды оқушыларды анықтап, олардың белгілі бір пән бойынша қабілеттілігін дәл тауып, бағыт-бағдар беріп, жұмыстарын белгілі бір ғылыми жолға қою болып табылады. Осы ұстаздарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында оқушыларымыз бейімделген пәндерден аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалардың, облыстық ғылыми жобалар конкурсының, ғылыми конференциялардың жүлдегерлері атанды.

2021-2022 оқу жылына «№48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне арналған жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 бабы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына және оған өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08 қараша 2012 жылғы № 500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен түзілді. 1-11 сыныптар арасында «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына және жоғарыдағы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы 8 сәуір 2016 жылғы №226, 10 мамыр 2018 жылғы №199, 17 қазан 2018 жылғы №576 бұйрықтары 1-4 сыныптардағы оқыту үшін, 25 қазан 2017 жылғы №352, 07 наурыз 2019 жылғы №105, 21 сәуір 2020 жылғы №154 бұйрықтары 10-11 сыныптардағы оқыту үшін және Ы. Алтынсарын атындағы Ұлттық білім академиясының «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына және мектептің №1 педагогикалық кеңес хаттамасына негізделіп жасалынған.

10 сынып жаратылыстану-математикалық бағытында білім алатын сыныпқа вариативтік компонент есебінен берілген 4 сағаттың 1 сағаты «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 1 сағаты «Биохимия және тірішілік», 1 сағаты «Биотехнология», 1 сағаты «Жас сарбаз», оқу бағдарламасы негізінде оқытуға берілді.

11 сыныбы жаратылыстану-математикалық бағытында білім алушыларға вариативтік компонент есебінен берілген 8 сағаттың 1 сағаты «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 2 сағаты «Әлемдік география», 2 сағаты «Физика», 1 сағаты «Абайтану», 1 сағаты «Элементар математика» 1 сағат «Стол тенісі» оқу бағдарламасы негізінде оқытуға берілді.

Оқу бағдарламасы әдістемелік пән бірлестігінде көріліп бекітуге ұсынылды. Вариативтік компонент есебінен берілген оқу бағдарламасы жеке сабақ кестесіне қойылды. Пән мұғалімдерінің дайындаған оқу бағдарламасы бекітуге ұсынылды. Күнтізбелік жоспар негізінде өз уақытысында сабақ жүргізілді. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары уақытысында қаралып, ұсыныстар берілді. Ағымдағы оқу жылында вариативтік компонент есебінен сағат алған мұғалім ашық сабақтар өткізді. Ашық сабақтар тақырыбы алдын-ала жасалынып бекітуге ұсынылды.

2022-2023 оқу жылына «№48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне арналған жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 бабы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына және оған өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08 қараша 2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы негізінде 5-9 сыныптарға түзілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы негізінде 1-4 және 10-11 сыныптарға түзілді.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндерін, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына және жоғарыдағы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы 8 сәуір 2016 жылғы №226, 10 мамыр 2018 жылғы № 199, 17 қазан 2018 жылғы №576 бұйрықтары 1-4 сыныптардағы оқыту үшін, 25 қазан 2017 жылғы №352, 07 наурыз 2019 жылғы №105, 21 сәуір 2020 жылғы №154 бұйрықтары 10-11 сыныптардағы оқыту үшін және Ы. Алтынсарын атындағы Ұлттық білім академиясының «2022 - 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат және мектептің №1 педагогикалық кеңес хаттамасына негізделіп жасалынған.

10 сынып жаратылыстану–математикалық бағытта білім алушыларға вариативтік компонент есебінен берілген 3 сағаттың 1 сағаты «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 1 сағаты «Жас сарбаз» пәніне, 1 сағаты «Химия және тіршілік», 1 сағаты оқу бағдарламасы негізінде оқытуға берілді.

11 сынып жаратылыстану–математикалық бағытта білім алушыларға вариативтік компонент есебінен берілген 3 сағаттың 1 сағаты «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 1 сағаты «География және әлем», 1 сағаты «Химия және тіршілік», оқу бағдарламасы негізінде оқытуға берілді.

Оқу бағдарламасы әдістемелік пән бірлестігінде талқыланып, бекітуге ұсынылды. Вариативтік компонент есебінен берілген оқу бағдарламасы сабақ кестесіне орналастырылды. Пән мұғалімдері күнтізбелік жоспар негізінде өз уақытында сабақ жүргізді. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары уақытында қаралып, ұсыныстар берілді. Оқу жылы аясында вариативтік компонент есебінен сағат алған мұғалім ашық сабақтар өткізілді. Өткізілген сабақтар фейзбук

парақшасына жарияланып отырды. Ашық сабақтар тақырыбы алдын-ала жасалынып бекітуге ұсынылды.

2023-2024 оқу жылына жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 бабы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына және оған өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығына, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08 қараша 2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы негізінде 1-4 сыныптарға, 5-9 сыныптарға 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы, 10-11 сыныптарға 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы негізінде түзілді. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндерің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына және жоғарыдағы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы 8 сәуір 2016 жылғы №226, 10 мамыр 2018 жылғы №199, 17 қазан 2018 жылғы №576 бұйрықтары Ы.Алтынсарын атындағы Ұлттық білім академиясының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат және мектептің №1 педагогикалық кеңес хаттамасына негізделіп жасалынған.

10 сынып жаратылыстану –математикалық бағытта білім алушыларға вариативтік компонент есебінен берілген 3 сағаттың 1 сағаты «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 1 сағаты «Жас сарбаз», 1 сағаты «Мектептегі агрохимия», оқу бағдарламасы негізінде оқытуға берілді.

11 сынып жаратылыстану –математикалық бағытта білім алушыларға вариативтік компонент есебінен берілген 3 сағаттың 1 сағаты «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 1 сағаты «Биологиялық модельдер», 1 сағаты «Мектептегі агрохимия» оқу бағдарламасы негізінде оқытуға берілді.

Оқу бағдарламасы әдістемелік пән бірлестігінде талқыланып, бекітуге ұсынылды. Вариативтік компонент есебінен берілген оқу бағдарламасы сабақ кестесіне қойылды.

«Білім класс» электронды күнделік порталына бейінді оқыту бағыттары бойынша іске асырылатын міндетті оқу пәндері бойынша күнтізбелік–тақырыптық жоспарлары жүктелген. Мектеп сайтына бейінді пәндердің жұмыс оқу жоспарлары салынды. Мектептің педагог-психологтары бітіруші сыныптардың білім алушыларынан бейінін анықтауға бағытталған сауалнамалар алып, оқушылардың бейінін 10,11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытын анықтады.

Таңдау бойынша сабақтар мен элективті курстардың талапқа сай өткізілуі үнемі бақылауда болды. Оқушылардың тұлғалық мүмкіндіктеріне қарай оқыту мазмұнын саралау, оқыту процесін әр оқушының икемдігі мен қажеттілігіне қарай ұйымдастыру ретінде пән мұғалімдері деңгейлік оқыту бағдарламасы модульдерін, саралап оқыту технологиясын, қоғамдық- гуманитарлық бағыт бойынша басшылыққа алды. Мектепте оқушының жеке білім беру траекториясын құра

отырып, жүйелі жұмыс жасауда келесідегідей нәтижелерді көруге болады.

Бітіруші түлектердің оқуға түсуі туралы мәлімет

№	Оқу жылы	Бітіруші түлектер саны	Жоғарғы оқу орнына оқуға түсуі	Грант негізінде оқуға түскендер	Колледжге оқуға түскендер	Грант негізінде оқуға түскендер
1	2021-2022 жж	15	8	1	7	0
2	2022-2023 жж	9	4	1	5	2
3	2023-2024 жж	9	6	2	3	0

2021-2022 оқу жылында 15 оқушы мектеп бітірді. Жоғарғы оқу орнына 8 оқушы оқуға түсті. Мемлекеттік грант негізінде 1 оқушы, 7 оқушы ақылы түрде оқуға түсті. Колледжге 0 оқушы мемлекеттік грантқа, 7 оқушы ақылы түрде оқуға түсті.

2022-2023 оқу жылында 11 сыныпты 9 оқушы бітірді. 2 оқушы үздік аттестат иегері атанды. 4 оқушы жоғарғы оқу орнына оқуға түсті. Оның ішінде 1 оқушымыз мемлекеттік грантты иеленді. Колледжге 2 оқушы_грант негізінде оқуға түсті, 3 оқушы ақылы түрде оқуға түсті.

2021-2022 оқу жылында 10-11 сынып оқушыларының бейінді пәндер бойынша білім сапасы 67%, 2022-2023 оқу жылында 66% құрады.

Негізгі орта білім беру бітірушілерді еңбекке орналастыру, оқуға түсу үлесі

Жыл	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Барлық бітірушілер саны	15	9	9
10 сыныпқа оқуын жалғастырғандар саны	15	9	9
Колледжге оқуға түскендер	15	9	3
Колледжге грант негізінде оқуға түскендер саны	2	2	2
Еңбекке орналастырылмаған	0	0	0
Денсаулығына байланысты колледжге оқуға түспегендер саны (үйден оқыған оқушылар)	0	0	0

2021-2022 оқу жылында 9 сыныпта 15 оқушы болды. 15 оқушы 10 сыныпқа оқуын жалғастырды.

2022-2023 оқу жылында 9 сыныпты 9 оқушы бітірді. 2 оқушы үздік аттестат иегері атанды. 9 оқушы 10 сыныпқа оқуын жалғастырды. Колледжге 3 оқушы

оқуға түсті, оның 2-і мемлекеттік грант негізінде, 1 оқушы ақылы оқуға түсті.

2021-2023 оқу жылы аралығында 9 сынып бітірушілерге жыл бойы еңбекке орналастыру жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар сынып жетекшілерімен және кәсіптік бағдар беру педагогы Ж. Ахметовамен бірге орта техникалық кәсіптік білім беру оқу орындарына барып аралап бағыт-бағдар алып қайтты. Ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың колледжге түсуіне, оқушылардың арасында мамандық таңдауға педагог-психологтар арнайы тест алып, оқушылардың қандай мамандыққа бейімін анықтау жұмыстары атқарылды. Нәтижесінде 2021-2022 оқу жылында колледжге оқуға түскендер үлесі 0%, мектепте оқуын жалғастырғандар 100% құрады, ал 2022-2023 оқу жылында колледжге оқуға түскендер 0%, мектепте оқуын жалғастырғандар 100% құрады. Әр жылы 10 сыныпты оқуды жалғастыруға өтініш берген оқушылардың ата-аналарымен және оқушылармен түсіндірме жұмыстар жүргізіліп, жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқуға жаңа орта құрып сыныптарға біріктірілді. Оқушылардың бөлінген бағыттары бойынша оқулықтармен 100% қамтылды.

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 2 тарауы 8 бабының 5 тармақшасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген

«Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының» 5 тармақ 58 тармақшасына және «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» ҚРБЖҒМ 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығына өзгерістер толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 17 қарашадағы №462 бұйрығына сәйкес мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшелеген және жеке мүмкіндігін ескере отырып білім алушыларды үйде оқытудың қызметі ұйымдастырылады.

2021-2022 оқу жылында денсаулығына байланысты үйде оқыту жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 4-қосымшасы, 53 қосымшасы негізге алынып ұйымдастырылды.

«№48 Саңырау шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 оқушы: Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 4-қосымшасы бойынша үйде жеке тегін арнайы оқу бағдарламалары бойынша 2 сынып оқушысы Тулкинова Алиянұр Ж а л п ы б і л і м б е р у б а ғ д а р л а м а с ы м е н о қ ы т ы л ғ а н .

2022-2023 оқу жылында денсаулығына байланысты үйде оқыту жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 53 қосымша негізге алынып ұйымдастырылды.

«№48 Саңырау шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2 оқушы: 53 қосымшасы бойынша 3 сынып оқушысы Тулкинова Алиянұр, 7-сынып оқушысы Атембай Нұрдос Жалпы білім беру бағдарламасымен оқытылған.

2023-2024 оқу жылында денсаулығына байланысты үйде оқыту жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 27-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 55-қосымшасына сәйкес негізге алынып ұйымдастырылды.

«№48 Саңырау шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 оқушы үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің оқу бағдарламасы бойынша 4 сынып оқушысы Тулкинова Алиянұр 55-қосымша бойынша үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру оқу бағдарламасы бойынша ұйымдастырылды.

«№48 Саңырау шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушылардың жеке мүмкіндіктерінің ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» негізінде жоспарланып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіміне №8170 болып тіркелген) денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалардың құжаттары қабылданып, үйде жеке тегін оқытудың оқу жоспарына сәйкес мектеп әкімшілігі бекіткен және ата-аналармен келісілген кесте бойынша жүзеге асырылды.

Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын оқушылардың үш жылдық салыстырмалы көрсеткіші:

№	Оқу жылы	Оқушылар саны:	Жалпы оқу бағдарламасы	Арнайы оқу бағдарламасы	Зиятының жеңіл түрде бұзылыстары	Орташа ақыл-ой кемістігі бар
1	2021-2022 оқу жылы	1	1	-	-	-
2	2022-2023 оқу жылы	2	2	-	-	-
3	2023-2024 оқу жылы	1	1	-	-	-

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдастыру бойынша оқу жоспарлары түзілді және мектеп басшысымен бекітілді.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық қорытындысы /ПМПК/ негізінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға жүктеме сағаттарды пән мұғалімдеріне берілді. Арнайы сабақ кестелері жасалды, мектепішілік бұйрықпен

бекітілді. Оқу жоспарына сәйкес пән мұғалімдерінің күнтізбелік–тақырыптық жоспарлары енгізілді.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

Мектептің бекітілген жұмыс оқу жоспарындағы сағат сандары үлгілік оқу жоспарларының 1-11 сынып вариативтік компоненттен берілген сабақтар таңдау бойынша жасалды.

2021-2022 оқу жылында вариативті компоненттің жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын әзірлеу «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістер енгізу туралы 8 сәуір 2016 жылғы №226, 10 мамыр 2018 жылғы №199, 17 қазан 2018 жылғы №576

Бұйрықтары 1-4-сыныптардағы оқыту үшін, 25 қазан 2017жылғы №352, 07 наурыз, 2019 жылғы №105, 21 сәуір 2020 жылғы №154 бұйрықтары, 10-11 сыныптарды оқыту үшін Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына және мектептің 27 тамыз 2021 жылғы №1 педагогикалық кеңес хаттамасы негізінде жасалған.

Жылдық оқу жоспарының міндеттері:

- толыққанды оқушылардың тұлғалық сапасын қалыптастыру және дамыту;
- ғылымилықты қоршаған орта мен оның заңдылықтарын сипаттаудың және зерттеудің құралы ретінде дамыту;
- қазіргі қоғамда өмір сүруге қажетті біліктер мен дағдыларды дамыту;

Үлгілік оқу жоспарларының вариативті компонентінің сағаттары есебінен 5-11- сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы (аптасына 1 сағат) мен келесі элективті пәндерді өткізу ұсынылды. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына:

Сыныпта «Әдептілік және парасаттылық»;

Сыныпта «Жас эколог»;

Сыныпта «Парасатты тұлға үлгісі»;

Сыныпта «Жаһандану медиа сауаттылық»;

Сыныпта «Зайырлылық және дінтану»;

